

1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 2 НАУРЫЗ, 2023 ЖЫЛ №25 (23 201)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

ӨЗЕКТІ

Тақырда қалған талайлар қаржы пирамидаларына алданушылар саны азаяр емес

Қанша айтылса да, көзге шұқып көрсетсе де, санаға жетпей қойған бір проблема бар. Сөз – қаржы пирамидалары туралы. Обалы нешік, құқық қорғау органдары жарғақ құлағы жастыққа тимей, «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай» қара тер төгіп, пирамида құрушыларды ұстаудай-ақ ұстауда. Бірақ, оңай олжаға кенелмекке, ақшасын салып, болмаса, басындағы үйін сатып кіріп, соңынан тақырда қалғандардың өздері осы қаржы пирамидаларының көбеюіне тікелей ықпал етуде. Бір құнарлылығы – биыл Қарағанды облысының полиция департаментінде осы қаржы пирамидасына қақтығы бірде-бір іс тіркелмеген.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл қылмыстық іс тіркелген жоқ

Бұл жақсылық па, әлде, дауылдың алдындағы тыншу ма, білмедік, бірақ, облыстық полиция департаментінің тергеу басқармасының бастығы Олжас Құсайыновтың берген ақпараты осындай. Әрине, мүлдем жоқ деп айтуға келмес. Құзырлы орган тергеу басқармасында бүгінде бір ғана қылмыстық іс тергеп-тексерілуде екенін де айтты. Іс бойынша 19 жәбірленуші арыз жазса, 200-ден астам куәдан жауап алынған. Бұл 200 адам жай ғана куә емес, олар да қаржы пирамидасының құрығына ілініп қалғандар. Бірақ, кеткен ақшасын садақа деді ме, әлде, сергелдені көп тергеп-тексеру ісіне араласқысы келмей, ат-тонның ала қашқандар ма, әйтеуір, іс бойынша тек куә ретінде ғана өтетіндер. Әйтеуір, берген айғақтары қылмыскерлердің кінәсін дәлелдеуге септігі тисе, ол да болса, біткен шаруа.

Сонымен, жәбірленушілерге келтірілген шығын сомасы орта табыс табатын қарапайым адам есебінен қарағанда, қомақты. 13 млн. 608 мың теңге. Қылмыскерлер ұсталып, жазасын алған күнің өзінде бұл қаражаттың қайту-қайтыуы – неғайбіл. Әзірге тергеу ісі жүріп жатқандықтан, барлығын жайып салуға болмайды. Күпия. Олжас Жанатұлының берген ақпараты – осы.

Жалпы, елімізде қаржы пирамидасын құру және оған басшылық еткеннің мүлкі тәркіленіп, бір мыңнан үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл салуға,



Коллажы жасаған Ш.Аманжол

не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Биыл елімізде бір айлық есептік көрсеткіш 3 450 теңге десек, айыппұл көлемі де аз емес. Яғни, ең азы – 3 млн. теңгеден, көбі – 10 млн. теңгеден асады. Бірақ, соған қарамастан, ақуласы бар, шабағы бар, күнде пайда болып жатқан қаржы пирамидаларына қарап, Қылмыстық кодекстің 217-бабы жұмыс істемейді-ау деген ой туатыны рас.

Алаяқтық дәлелденгенімен, қылмыскер жазаланбауы мүмкін

Қаржы пирамидаларының жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптауы кеше ғана басталған жоқ. Елімізде 2019 жылы Қылмыстық кодекстің 217-бабы бойынша 14 қылмыстық іс қозғалған екен. 2018 жылы – 103 іс, 2017 жылы 63 іс басталғанын көрсетеді ресми деректер. Ал, аяқталған қылмыстық істер бойынша жәбірленушілерге келтірілген шығын 8,3 млрд. теңгеден асқан.

Өкініштісі, миллиардтаған қаржыдан жәбірленушілерге өтелгені небары 400 млн. теңге. Бұл – айсбергтің жоғарғы жағы ғана. Құқық қорғау органдары ақшаларын пирамидаларға салып жіберіп, сан соққандардың дені арыз жазбайтынын айтып

отыр. Ал, сарапшылар болса, бір ғана қаржы пирамидасының өзі шамамен 1 млрд. теңгеден астам қаржы жинайтынын айтып отыр.

Бір қызығы – қаржы пирамидасын дәлелдеу де қиынға түсетінін айтады құқық қорғау орган өкілдері. Мұның себебі – пирамиданы құрушылар салымшылардың салған ақшаларын әуел баста уәде еткендеріндей, еселеп қайтып беретіндерінде. Қылмыстық қудалау органы қанша жерден қылмысты тергеп-тексеріп, оны ұйымдастырушылардың алаяқтығын

дәлелденгенімен, іс сотқа барғанда тоқтатылуы мүмкін. Оған негіз – бастапқы кезде салынған қаржының қайтарылуында. Ал, шынмен, зардап шегетіндер – пирамидаға кейіннен кіргендер. Бірақ, сот үкім шығару барысында алаяқтардың әуелдегі әрекетін негізге алады. Сөйтіп, қылмыскер жазадан оңай құтылып кете барады. Соңы – қағылған қалта, жазадан құтылған алаяқ, қылмыстық қудалау органы қызметкерлерінің еткен еңбегінің, төккен терінің еш кеткендігі.

Қауіп – «инфосығандардан»

Соңғы кезде алаяқтар интернетке, атап айтқанда, әлеуметтік желіге ауысқан. Әсіресе, елдің бәрі «отыратын» WhatsApp қосымшасы алаяқтар, атап айтқанда қаржы пирамидасын құрушылар үшін таптырмас құрал. Ауыздан «оңай табыс» деген леп шықса болды, халық лек-легімен өзі-ақ келе беретініне сеніңіз. Құқық қорғау органы да қарап қалып жатқан жоқ. Түрлі группаларға қарапайым салымшы ретінде кіріп, аңдысын аңдып бағуда. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, «қылмыс дәлелденгенімен, пирамида құрған алаяқтың да заңды айналып өтетіндей құқықтық сауаттылығы бар екенін естен шығармаған жөн» дейді құқық қорғау органының өкілдері.

Одан бөлек, қазіргі кезде «инфосыған» аталғандардың да бұл жерде ролі үлкен. Түймелейді түйдей етіп, үлкен ақшаға сатуды үйренгендердің желеуіне еріп кету де қаржы пирамидасына алданушылардың қатарын көбейтетінін айтады академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Университетінің психология кафедрасының аға оқытушысы Мейрамгүл Түсіпова.

– Менің ойымша, адамдардың қаржы пирамидаларына жаппай кіруі – ақшаларын көбейту ғана емес. Біреуі – пирамидаға тартқан адамға сенсе, біреуі – сәттілікке сенеді. Әрине, өмірде жолы болмай, дұрыс шешім қабылдай алмай жүргеннің алаяқтарға көзсіз сенетіні рас. Саналы шешім қабылдай алмай, эмоцияға беріліп, сөзге ергеннің соны өкінішті оқиғаға әкеледі. Қаржы пирамидаларының философиясы да осыған негізделген, – дейді Мейрамгүл Түсіпова.

БӘРЕКЕЛДІ!

Еуропада ен үздік!

Францияның Канны қаласында тоғызқұмалақтан өткен Еуропа кубогы жолындағы жарыста Қарағанды облысының тұрғыны Аңсаған Қожанәсіп топ жарды.



Франция, Италия, Ұлыбритания, Марокко және Қазақстан тоғызқұмалақшылары бақ сынасқан бұл жарыста Аңсаған қарсыластарының бәрін жеңіп, жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді.

Мұның алдында жеңімпаздың ағасы Асылхан Қожанәсіп Түркияның Анталия қаласында өткен Еуразия кубогы додасында дара шыққан еді. Ол турнирге Түркия, АҚШ, Чехия, Румыния, Эфиопия, Қырғызстан және Қазақстаннан 67 спортшы қатысқан болатын.

Ағасы мен қарындасы былтыр Ақтөбеде өткен әлем чемпионатында да көзге түсіп, жүлдегер атанған еді. Мысалы, классика сынында Аңсаған қола жүлдеге қол жеткізсе, рапид сайысында Асылхан Қожанәсіп күміс жүлдегер атанған.

Айта кететін бір жайт, Асылхан және Аңсаған Қожанәсіптер Шет ауданындағы Ақадыр кентінде тұрады. Мұнда олар жүзге тарта балаға тоғызқұмалақ ойынынан дәріс береді.

ҚЖАНДЫР

ӨНДІРІС

Мұнай экспорттыңдағы әлеует

Қазақстан мұнай экспорттау бойынша әлемде алғашқы ондыққа енді. Азаттық алғалы мұнай мен газ конденсаты өндірісі жылына 25 миллион тоннадан 90 миллион тоннаға жетті.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шикізат өндірумен қатар, мұнай-газ химиясы өнеркәсібін дамытуға баса назар аударылууда. Энергетика министрі Болат Ақшолдақовтың айтуынша, өткен жылдың соңында жылына 500 мың тонна полипропилен өндіретін ірі мұнай-химия зауытының бірі іске қосылды. Жаңа зауыт республиканың ішкі қажеттілігін толық жабуға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, 12 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылып, полиэтилен, бутаден және полиэтилен-терефталат өндіретін тағы төрт ірі жоба жүзеге асырылууда.

Сондай-ақ, Энергетика министрлігі экономика салаларының қажеттіліктерін отандық мұнай-газ химиясы өнеркәсібінің мүмкіндіктерімен қанағаттандыруды көздеуде.

ЭКОЛОГИЯ

Бұқпаның бойы – былғаныш

Бұқпантайлақ Бұқпа өзені Қарағанды қаласының оңтүстік-шығысындағы жазық даланы көлбей ағады. Ақпан айының басынан Федоров ауданының саяжайшылары өзеннен жағымсыз иісі бар лас судың құйылып жатқанын хабарлаған еді. Экологтар өзеннің экожүйесіне қаншалықты зиян келгенін анықтау үшін арнайы сынағандар алған. «Ластанған су көктемде арнасынан асып, Федоров суқоймасына құйылуы мүмкін», – дейді тұрғындар. Ал Федоров суқоймасына – қарағандылықтар үшін жазда суға шомылып, жақыннан балық аулайтын жалғыз демалыс орны.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Өзенге тазартылмаған кәріз суларының құйылуы өте үлкен қауіп төндірмек. Құзырлы кәсіпорын осындай апатты жағдайдың алдын алуға дайын болмай шықты. Кәріз сулары арқылы неше түрлі химиялық қоспалар өзен суына түсуде, оның ішінде нитрит, әртүрлі жууға арналған сұйықтық қалдықтары да бар. Мұндай зиянды қоспа қалдықтары көктемгі су тасқыны мен жазда тұрғындарға зиян келтіруі мүмкін. Су толық тазарып, апатты жағдай тоқтамаса, тұрғындар арасында вирустық инфекция тарауы ықтимал, – деп мәлімдеді Қарағанды экологиялық музейінің директоры Айгүл Мәлікова.

Анықталғандай, Қарағанды қаласының кәріз суларын жинап, су-

ды тазарту станциясына ағызып жіберіп отыратын онының кәріз коллекторынан Бұқпа өзеніне қарай қалдық сулар ағып жатқан көрінеді. Өкінішке қарай тез арада қоршаған ортаға залал келтіріп жатқан апатты жағдайды тоқтату әлі мүмкін болмай тұр.

«Қарағанды Су» компаниясының апаттық бригадасы коллекторға жиналған суды сыртқа жібермеу үшін тиісті амалдарды жасауда. Мамандардың айтуынша, 16 шақырымға созылатын коллектордың іші бітеліп қалған. Ақаулы тұстың қай жерден шығып жатқанын анықтау үшін кәріздік жүйе коллекторының ішкі құбырларын тексеру қажет. Бұл жұмыстарды жасау үшін қарқынды күшті екі насосты құбырлар желісін уақытша орнатып, су сорып алып отыруға мүмкіндік жасалған.

– Коллектор ішінде жұмыс

жасау үшін жабық күйде жұмыс жасауға лицензиясы бар, ұланып қалмау үшін арнайы құрылғылармен жабдықталған мердігер ұйым мамандарына жүгіндік. Өйткені, мекемеміздің мамандары аса қауіпті нысандарда жұмыс жасай ал-



майды, оған ресми рұқсаты да жоқ. 13 ақпаннан уақытша жасакталған желіге суды сорып алып, жіберу жұмыстары басталды. 14 ақпанда

түн ішінде коллекторға келіп құйылатын қалдық суларды азайтудың нәтижесінде коллектордың бітеліп қалған жері анықталды, енді соны жөндеу жұмыстары бірнеше күннен бері жүргізіліп жатыр, – деп мәлімдеді «Қарағанды Су» ЖШС баспасөз хатшысы Марина Богдан.

Облыстың санэпидбақылау департаменті тексеруді аяқтап, кәріз

жою жоспарының жоктығы үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалды. Жалпы сомасы 5,5 миллион теңгеден астам айыппұл салынды. Қабылданған шаралар туралы мәліметтер Қарағанды қаласының әкімдігіне әрі экология департаментіне әкімшілік шаралар қабылдау үшін жолданды.

Айыппұл арқалаған «Қарағанды

Су» апатты жою амалдарын іске асыруда. Алайда жаңа коллекторға жұмсалатын 50 млрд. теңге қайдан алына-тыны сұрақ күйінде қалып тұр...



Ғылым баянды бастамаларға бекінді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан ғылымына қойған стратегиялық маңызды міндеттерін іске асыру – ғалымдар қауымдастығы үшін жауапты міндет. Енді, тарқатып өтсек.

Шыңтауында бүгінгі ғылым заманауи үрдіске ілесуі үшін түбегейлі өзгерістерді көксейді. Президент тапсырма берді. Беталық басталды. Ұлттық ғылыми кеңестердің жұмыс форматы ауысты. Кеңестің кез келген шешімін апелляциялау институты бой көтерді. Сол арқылы жас ғалымдарға қолдау артты. Докторантура бағдарламалары бойынша оқу үшін гранттар саны ұлғайтылып, докторанттар стипендиясы өсті. Елде ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша сұранысқа ие жобалар іске табысты асырылу үстінде. ҚР Президенті жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі арнайы кеңес құрылды. Бұл есімізге оралған берекелі бастамалардың бір парасы десек, жарасар. Енді мұндай ауқымды өзгерістер не береді? Тоқталайық.

Атап өту қажет, жүргізіліп жатқан мұндай реформалар ғылыми-зерттеу қызметін ынталандырады. Ынталандыра отырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді. Өндіріс өлкесіндегі кері байланысты нығайтады. Ғылым, білім және өндірістің мұндай өзара байланысы Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің дамуындағы басым бағыттардың бірі. Университет кадрлар даярлау барысында «Білім ғылымнан өрбиді» қағидатын негізге алады. Бұл ретте ғылыми зерттеулер нәтижелерінің едәуір бөлігі өндіріске әрі оқу үдерісіне сәтті енгізілуде.

Кафедраның ғылыми әзірлемелері Қазақстанның тау-кен металлургия саласын технологиялық жаңғыртудың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Олар:

- инновациялық технологияларды әзірлеу және өндіріске енгізу;
- күрделі қоспа қорытпалардағы фазалық және құрылымдық өзгерістерді зерттеу;
- тау-кен металлургиялық қорытпалардың құрамын өңдеу.



Мәселен университет ғалымдары ыстыққа төзімді қорытпа түрін әзірлеп, өндіріске сәтті енгізді. Башылыққа алған негізгі идея темір қорытпасының «нимоник» типті ыстыққа төзімді қорытпалардың өзіндік құнын төмендету болды.

Болашағы зор тағы бір бағыт ыстыққа төзімді жабындарды әзірлеу. Зерттеушілеріміз галлуазит саздарынан алынған табиғи нанотүтікшелерді камтитын жаңа жабын ойлап тапты. Галлуазиттік нанотүтікшелердің арқасында жабын өзін-өзі қалпына келтіру қабілетіне ие болады. Бұл жоба қазіргі уақытта коммерцияланған. Бүгінде 765 млн. теңгеден астам сомаға 270 тонна инновациялық өнім өндірілді. Жоба аясында 7 жаңа жұмыс орны құрылды. «Қазақмыс» корпорациясы, «Арселор-Миттал Теміртау» АҚ, «Қарағанды машина жасау консорциумы» ЖШС, «Қарағанды кешенді қорытпалар зауыты» ЖШС, «Мейкер» ЖШС, «Пархоменко» ЖШС сынды кәсіпорындарында әзірленген жаңа қорытпалар мен технологияларды енгізудің эко-

номикалық әсері жылына 540 млн.теңгеден астам соманы құрады.

«Нанотехнология және металлургия» кафедрасы жүзеге асыратын барлық ғылыми жобалардың бірегей сипаттамасы түпкілікті өнімнің қазақстандық құрамының жоғары үлесі екендігін атап өткім келеді. Кафедра ғалымдары осы саладағы «RosAtom» атом энергетикасы жөніндегі мемлекеттік корпорациясы (Росатом), Пол Сабатье университетінің CIRIMAT зертханасы (Тулуза) – Францияның Аэроавтика орталығы, Лотарингия университетінің Ecole de Mines (Нанси, Франция), Гедиминас атындағы Вильнюс техникалық университеті (Литва), Берлин техникалық университеті сияқты мамандандырылған ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта біздің шығармашылық топ өндіріс ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарында коммерцияландыру жоспарланып



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

отырған бірқатар перспективалық жобаларды орындауда. Табысты жобалар – ел әлеуетін жаңа сапаға көтеретініне сеніміміз кәміл.

Виталий КУЛИКОВ,
Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті
Нанотехнология және металлургия
кафедрасының меңгерушісі



Денсаулық Психиатриялық қызмет түрі кеңейді

Қарағанды облысы ірі қалаларының емханаларында психиатриялық қызмет көрсететін бөлімшелер жұмыс істей бастады. Бұл туралы денсаулық сақтау басқармасының баспасөз орталығы мәлімдеді.

Бастапқы психикалық денсаулық орталықтары адамдарды амбулаторлық қабылдаумен, медициналық тексерулер жүргізумен, сондай-ақ, динамикалық бақылауда тұрған адамдарға тегін медициналық қызмет көрсетумен айналысады. Қазіргі уақытта облыста 9 орталық жұмыс істейді, Қарағандыда үш, Теміртауда екі, Абай, Шахтинск, Саран, Балқаш қалаларында бір-бір орталықтан бар.

– Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасы басшылығының тапсырмасы бойынша таяу келешекте Қарағандыда қосымша бөлімшелер ашу, сондай-ақ, Теміртаудағы №1 емхана жанындағы бастапқы психикалық денсаулық орталығының қызмет спектрін кеңейту, оның ішінде медициналық тексерулер жүргізу бөлігі де жоспарлануда. Бұл шара аталған қалалардың тығыз орналасуына байланысты және халыққа «қамдамдық қолжетімділікте» қызмет көрсету қағидатын қамтамасыз етуге бағытталған, – дейді басқарма өз хабарламасында.

Акерке БАЙБӨКІР,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
4-курс студенті

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жол жүрудегі жеңілдік

Апта басынан жаңалықтар таспасының алдыңғы легіне шыққан бұл хабарды ел қуана қабылдады. Кешеден бері көпбалалы аналар мен I топтағы мүмкіндігі шектеулі жандар облыс көлеміндегі қоғамдық көлікте тегін жүретін болды. Ал, 15-18 жас аралығындағы жасөспірімдер жолақысының жартысын ғана төлейді.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

I наурыздан аталған санаттағы азаматтар қала ішінде ғана емес, қала маңындағы елді мекендерге де жеңілдікпен немесе тегін бара алады. Ол үшін тиісті құжаттар жаныңызда болуы шарт.

Нақтылай түссек, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иелері немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I, II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар, I топтағы мүгедектер тегін жүреді. Бұл үшін қалайшылық автобустарда тегін жүруге

мүмкіндік беретін бұрынғы «Әлеуметтік» мәртебесіндегі карталарды пайдалануға болады. Тек, бақылаушыларға анықтама мен жеңілдіктер туралы куәліктің түпнұсқасын көрсету қажет. Сондай-ақ, жақын уақытта арнайы карталар ресімделеді. Ол картаны әзірлеуге ақы алынбайды.

Ал, 15-18 жас аралығындағы жасөспірімдерге 50 пайыз мөлшерінде жеңілдік берілді. Бұрын 80 теңге төлеп келген жасөспірімдердің жолақысы енді 40 теңгені құрап отыр.

Бір айта кетері, 7-15 жастағы жеткіншектерге арналған картасы бар балалар жасы 15-ке толғанда жеңілдік алу үшін шақпайда



барып қажеті жоқ. Карта автоматты түрде 18 жасқа дейін ұзартылып, жеңілдік қосылады. Ал, картасы бұғатталған балалар ONAY! орталығында немесе сауда орталықтарында орналасқан нүктелерде өтініш жаза алады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратта айтылғандай, бұл – «Бақытты бала – Бақытты ана – Бақытты отбасы – Бақытты ел» жол картасы аясында енгізілген жаңа жеңілдік түрі.

● БРИФИНГ

Мұржадан у шығып, Теміртау тұншығып...

Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері Қарағанды үшін әрдайым өзекті болып қала бермек пе? Өндірісті өңірдің айналасына тигізіп жатқан техногенді әсері, өкінішке қарай ұлғаймаса, кемімей тұр. Мәселен, 2022 жыл қорытындысы бойынша атмосфераға зиянды шығарындылар 481 мың тоннаны құраған. Ластаушы сарқындар 323,8 мың тонна көлемінде. Бұл туралы аймақтық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Қарағанды облысы бойынша экология департаменті басшысының міндетін атқарушы Дархан Исжанов мәлімдеді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жасыратыны жоқ, Теміртаудың қолқасын қапқан улы қалдықтар дені – «АрселорМиттал Теміртаудың» үлесінде. 87% пайыз. Өткен жылы компанияның зиянды шығарындылары 201 мың тонна, Теміртау қаласы бойынша 231 мың тоннаны құрады. Зиянды қалдықтарды азайту жөніндегі Жол картасы шеңберінде кәсіпорынның ерікті түрде алған міндеттемелерін орындамағаны наразылық тудырды. Кәсіпорында экологиялық заңнаманы бұзудың өзге де өзекті мәселелері жетерлік. Тіпті, 800 тонна көлемінде кокс-химия өндірісінің қауіпті қалдықтарын заңсыз орналастыру фактілері тіркелген. Теміртау қаласының полиция басқармасы тарапынан қылмыстық іс те қозғалды. Жүргізілген тексеру шеңберінде кәсіпорынға қатысты эмиссиялар нормативтерін асырғаны үшін 5,8 млрд.теңге сомасына әкімшілік іс қозғалып, сот қарауына жолданды. Бұл жолы іс жүзінде көмуге жатпайтын қалдықтар бойынша

өнеркәсіптік-тұрмыстық қалдықтар полигонын пайдалануға сот тәртібімен тыйым салынды.

Әлбетте, алпауыт өндіріс ошақтарының тыныс-тіршілігі – күнделікті бақылауда. Бұл мәселелерді біз түрлі деңгейлер мінберінен көтеріп келеміз. Нәтижесі – көз алдарыңызда. Енді, тек байыппен қоршаған ортаны қорғаудың қордалы түйткілдерін бірлесіп шешу міндеті тұр. Экология департаменті облыс кәсіпорындарының эмиссияларын төмендетуге және Жол картасының, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарын орындауға және «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жоспарының көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған жүйелі жұмысын жалғастырады, – деп атап өтті мекеме басшысының міндетін атқарушы Дархан Исжанов тілшілерге берген сұхбатында.

Баспасөз шарасы барысында спикер тілшілер қауымын толғандырған өзекті сауалдарға жауап берді.

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

«Ағып кеткен» асфальт

Қарағандылықтар жылда көктемде еске түсіретін әзіл бар: «Қарағандының асфальты қар суымен бірге ағып кетеді». Күн райы жылы қабақ танытуы сол екен, биыл да кейбір көшелердегі ойық-шұқырдың беті ашылды. Көлік біткен жүруден қалды. Дегенмен, қалалық әкімдік те қарап отырмайтынын мәлімдеді. Шұрық-тесік жолды жамап-жасқайды.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көктем лебі сезілгені Қарағанды қаласының әкімдігі шаруаны шырattы. Соңғы күндері шаһардан тонналар қар шығарып, мұз оюға кірісті. Көше жағалай арықтарды аршып, бөгеттер тұрғызуда. Нөсер кәріздері тазартылуда. Бұл шаруада проблемалы жерлерге көңіл бөлетіні туралы қала әкімі Мейрам Кожухов өзі де айтты.

– Былтыр біз он бес жылдан астам уақыт күрек тимеген нөсер кәріздерін тазартуға кірістік. Биыл ең проблемалы аймақтарға ден қоямыз. Кеншілер даңғылында екі нөсер кәріз құбыры қатар жатыр. Өткен жылы біреуін тазаласақ, екіншісіне тазалау жұмыстарын жүргізуді биыл жоспарлап отырмыз. Жыл сайын су басатын Тәттімбет, Мұқанов, Өркен көшелері бойындағы жеке секторда жұмыс істейміз. Мұнда да нөсер кәрізі бар. Су қабылдағыштарды тазалап, қалпына келтіреміз. Сондай-ақ, былтыр біз Күзембаев көшесіндегі орталық коллекторды Майлин көшесіне дейін тазарттық. Бұл учаскеде жер астындағы құбыр жарылып, канализация істен шықты. Мұның бәрі жөнделді. Биыл да Майлин көшесінен Жарыс көшесіне дейін тазалаймыз, – деді әкім.



Ал, «ағып кеткен» асфальтқа келер болсақ, жолдың ой-шұқыры тегістеледі. Қаланың коммунальдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі таратқан ақпаратқа сүйенсек, жолдарды ағымдағы жөндеуден өткізу бойынша конкурстық процедуралар жүріп жатыр. «Конкурс тамамдалғанша жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында уақытша іс-шаралар қолға



алынады» делінген ақпаратта.

Еріген қардың ізімен еріп шыққан тағы бір мәселе – аңғал-саңғал құдықтар. Маңайындағы мұз кеткен соң кәріз құдықтарының да ернеуі ашық жатқаны көрініп қалды. Бүгінде «Қарағанды Су» ЖШС құдық маңын бітеп, тегістеумен айналысып жатыр.

Суреттерді түсірген автор.

САЙЛАУ – 2023

Бәсеке бәсі – жоғары

Облыстық сайлау комиссиясының бастамасымен мемлекеттік органдардың өкілдері қатысқан отырыс өтті. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысқан жиында маңызды саяси шараға дайындық барысы пысықталып, сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұркенов атқарылып жатқан іс-шаралар туралы баяндады.



Салтанат ІПІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

863 сайлау комиссиясында 5 589 адам жұмыс істейді

Сайлау заңнамасына сәйкес, барлық процесті сайлау комиссиялары жүзеге асыратыны белгілі. Қайрат Қаршығаұлы ол үшін 863 сайлау комиссиясы құрылғанын айтады. Тарқатып айтар болсақ, комиссия құрамындағы 5 589 адам 1 облыстық, 13 аумақтық, 195 округтік, 654 учаскелік комиссияларда жұмыс жасаса, одан бөлек, 33 жабық учаске тағы бар.

Одан бөлек, 21 учаске денсаулық сақтау мекемелерінде, 8-і – әскери бөлімдерде, 2-уі – уақытша ұстау тергеу изоляторларында және 2-уі – қарттар үйінде. Облыс орталығынан 413 шақырымда орналасқан ең шалғай сайлау учаскесі Шет ауданының Жамбыл кентінде. Аталған учаскеде небары 10 сайлаушы ғана дауыс беретінін айту керек.

Бір мандатқа – 3 үміткер

Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау аралас жүйе бойынша өткізіледі. Депутаттық мандатқа үміткер саяси партиялар саны алтау екенін айтады Қайрат Нұркенов. Олар, облыста тіркелген АМАНАТ, «Ақ жол» Қазақстан халық партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы, Республика партиясы және Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы. Одан бөлек, өзін-өзі ұсынушылар бар.

Сонымен, облысымызда алғаш рет облыс мәслихаттарына 214 депутат және Парламент Мәжілісіне 2 депутат сайланады. 2004 жылдан бері алғаш рет кандидаттар партиялардан ғана емес, өзін-өзі де ұсына алады. Яғни, биылғы сайлаудың өзге сайлаулардан өзгешелігі де осы, – дейді Қайрат Қаршығаұлы.

Облыстық сайлау комиссиясы төрағасының айтуынша, өкілетті билік органдарына депутат болымын дегендердің қарасы қалын. Саяси партия өкілдері мен өзін-өзі ұсынушылар арасындағы бәсекелестік өте жоғары. Осыған сәйкес, Қайрат Нұркенов сайлаушылардың белсенділігі де жоғары болады деген ойда екенін жаздырмады. Атап айтқанда, облыс бойынша тіркеу күні аяқталғанда 793 кандидат ұсынылып, 665 кандидат тіркелген. Оның ішінде 31-і бір мандатты округтер бойынша Мәжіліске, ал, 762-і облыс мәслихаттарына ұсынылған. Ал, аудандық комиссиялар 644 кандидатты тіркеген. Осылайша, бір депутаттық мандатқа орташа бәсекелестік – 3,4 үміткерден.

Парламент Мәжілісінің бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша тіркелген кандидаттардың 15-і – ер адам, 4-уі – әйел. Ал, облыс мәслихаттарына бір мандатты аумақтық округтер бойынша тіркелген кандидаттардың 455-і – ер адам болса, 189-уі – әйел.

Үгіт-насихат – маңызды кезең

Бүгінде тіркелген барлық кан-

дидат үгіт-насихат жұмыстарына кірісіп кеткен. Сенімді адамдарын аудандық комиссияларда тіркеп, сайлаушылармен кездесу кестесі де бекітілді. Одан бөлек, баспа материалдары орналасатын 262 орын, кездесу өткізетін 204 орын белгіленген.

Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттығына тіркелген 663 кандидат сайлауалды бағдарламаларын ұсынды және сайлау заңнамасы шеңберінде сайлаушылардың дауысы үшін әділ бәсекелеседі деп үміттенемін. Алайда, кандидаттарға сайлау алдындағы үгіт мерзімін, тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік көзделгенін айту керек. Сондай-ақ, тегін тауар таратуға, өзге де қызметтер көрсетуге, ойын-сауық және спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды қоспағанда, қайырымдылық іс-шаралар өткізуге тыйым салынатынын есте ұстауы тиіс, – дейді Қайрат Қаршығаұлы.

Шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға, оның ішінде шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарына және халықаралық ұйымдарға үгіт-насихат жүргізуге және үгіт материалдарын таратуға тыйым салынатынын айту керек.

Сондай-ақ, саяси партиялар мен барлық деңгейдегі мәслихаттарға кандидаттардың сенімді өкілдерін тіркеу жалғасуда. Бүгінде 2111 өтініш тіркелген.

Сайлаудың әділ өтуі – байқаушыға байланысты

Демек, сайлау процесіне қызушылық танытушылардың



қарасы қалың болуы – заңдылық. Биылғы сайлау қатысушылардың да, байқаушылардың да, оның ішінде шетелдік тараптың да жігі назарында. Облыста сайлауға дайындық және өткізу шеңберінде халықаралық байқаушылар мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін ақпараттық қолдау орталығы ашылғанын айту керек.

Облысқа халықаралық ұйымдардың ұзақмерзімді байқаушылары келді. Олардың міндеті – облыс өңірлеріндегі сайлау процесімен танысу және барлық деңгейдегі сайлау комиссияларына бару. Осыған байланысты, сайлау комиссиялары сайлау заңнамасын қатаң сақтауы, оны сайлаудың барлық кезеңдеріне қатысты іс-әрекеттерде дұрыс қолдана білуі қажет. Шетелдік сарапшылардан басқа, алдағы сайлауда тәуелсіз бақылауды отандық үкіметтік емес ұйымдар да жүргізеді. Сондықтан, сайлауға қатысатын

саяси партиялар мен кандидаттар, сондай-ақ олардың сайлауалды штабтары мен сенімді адамдары адал күрес жүргізуі керек, – дейді Қайрат Нұркенов.

Сайлаушылар бес бюллетень алады

4 наурыздан сайлаушылар тіркелген сайлау учаскелерінен өз деректерін тексере алады. Одан бөлек, мәтіндік форматта да, бейне форматта да тұрғындар сенім109 арқылы және сайlau09.kz. сайтынан сайлаушылар тізімінде өздерін қалай тексеруге болатындығы туралы түсініктемелер беріледі. Қазіргі таңда тіркелген сайлаушылар тізімі – 761 471. Оның ішінде 13 001 адам саяси науқанға бірінші рет қатыспақ.

Ал, 19 наурызда конституциялық құқығын пайдаланып, сайлау учаскесіне дауыс беруге келгендер әр түрлі түстегі бес бюллетень алады. Мәжіліс депутаттарын партиялық тізімдер бойынша таңдау үшін – көк, ал бір мандатты округтер бойынша – жасыл. Облыстық мәслихатқа дауыс беру үшін күлгін және қызғылт сары түсті бюллетеньдер, қалалық және аудандық мәслихаттарға – сұр түсті. Әр бюллетеньде «барлығына қарсы» деген баған болады.

Облыстағы мүгедектігі бар 4 786 сайлаушыға да таңдау жасауға жағдай қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі сайлаушылардың 1610-ы – кресло-арба қолданады, 1784-і – мүлдем көрмейтіндер мен нашар көретіндер, ал, 1392-і – естімейтін және нашар еститіндер. Сайлау күні Қарағанды, Балқаш, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларында және Абай, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров аудандарына қарасты 10 елді мекенде инвотакси қызметі ұйымдастырылады.

– Заңнамаға сәйкес әкімдіктер



сайлау учаскелеріне сайлаушылар тізімін берді. Бұған дейін сайлаушылар базасына адамдардың жекелеген санаттарын енгізу бойынша жұмыс жүргізілді. Олар студенттер, вахта бойыншы жұмыс істейтін қызметкерлер, әскери қызметшілер. Азаматтарды сайлау құқығын іске асыру мүмкіндіктері туралы хабарлар етуді қамтамасыз ету маңызды. Түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін сайлау учаскелерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету ерекше назарда, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Одан бөлек, аймақ басшысы сайлау күні қоғамдық көліктерде тегін жүруді қамтамасыз ету үшін облыстық жол ашылушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына автопарктермен бірлесіп жұмыс жүргізуді тапсырды.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯ

Жемқорлықты жоямыз!

Кедейшілікті жеңеміз!

Сен жақсы өмір сүруге лайықтысың!

19 НАУРЫЗ 2023 Ж.

osdp.kz @osdp.kz osdpmedia osdp.kz osdp.kz

Еліміздегі өмір сапасының стандарттары қандай болу керек?

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының стратегиялық мақсаты – заманауи әлемдегі өмір сапасы стандарттарын Қазақстанға енгізу, аз қамтылған отбасылардың табысын тұрақты ұлғайтып отыру, мемлекеттің өсіп-дамуына, сондай-ақ ел тұтастығына кедергі келтіретін кедейлер мен байлар арасындағы алшақтықты жою.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының (ЖСДП) сайлауалды бағдарламасы «Қазақстандықтардың өмір сапасы стандартын» енгізуді ұсынады. Онда адамның дұрыс тамақтануы, киім, дәрі-дәрмек, коммуналдық қызметтер, ақпарат, демалысқа қатысты қажеттіліктері ескерілді. Зерттеу барысында анықталған азаматтардың әрбір тобы үшін негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша арнайы бағдарламалар әзірленбек.

Еліміздің ұлан-ғайыр табиғи байлығын ескеретін болсақ, қазақстандықтар әлемнің үздік стандарттарын деңгейінде өмір сүруі тиіс. Өйткені Қазақстан табиғи ресурстар қоры бойынша әлемде алтыншы, ауданы бойынша тоғызыншы, уран өндіру бойынша бірінші, ал уранның қоры бойынша екінші орында. Біз мұнай, газ, титан, магний, қалайы, уран, ал-

тын және басқа да түсті металдар қоры бойынша әлемдегі ең бай елдердің біріміз.

Бүгінде қазақстандықтар осы байлықтың иесі ретінде өздерін сезіне ме? Күні кеше Астанада өткен деңгелек үстел кезінде ЖСДП төрағасы Асхат Рақымжанов: «Біз ауылдарға жасаған сапарларымыз барысында нашар жолдар мен «үзілген үміттерге» куә болдық. 1,5 мыңға жуық елді мекен интернеттің не екенін білмейді. Оны қойшы, 6 мыңнан астам шаңырақ электр желілеріне қосылмаған. Олар фермаларда немесе елден жырақ, шалғай жерлерде өмір сүріп отыр. Бүгінгі күні барлық аймақтар ауыз сумен қамтылып отыр деп айта алмаймыз, өткізілген жерлердің өзінде су сапасы көңіл қондырмайды. Бұл болса, біздің денсаулығымызға тікелей әсерін тигізетін фактор. Қай сала-

да болмасын – білім беру, денсаулық сақтау, ТКШ, құрылыс – үкіметтің Тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жылдан астам уақытта салалардағы бір-де-бір бағдарламаларды қисынды аяқтаған жоқ», – деп атап көрсетті.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы еліміздегі кедейлікті есептеудің бірінші айдестемесін қабылдауды ұсынады. Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша, Қазақстан азаматтарының 15%-ы кедей. Бірақ ресми статистика халықтың тек 5,1%-ы күнкөріс деңгейінен төмен табыспен өмір сүретінін көрсетуде.

«Билік белгілеген 100 доллардан сәл ғана асатын «күнкөріс деңгейінің» азаматтарымыздың нақты қажеттіліктеріне сәйкес жетпейтіндігі және әлеуметтік саясаттың негізі бола алмайтыны бесенеден белгілі», делінген партия бағдарламасында.

Тапсырыс беруші: ЖСДП Төрағасы Токсамбаева М.А.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партия сайлауалды қорының қаражаты есебінен төленді.

ӘДЕП КЕҢЕСІНДЕ

Мемлекеттік қызмет – мәртебелі міндет

Мемлекеттік қызметші қарапайымдылығымен, жоғары білімімен, әділдігімен үлгі болатын, азаматтармен жұмыс барысында сыпайылық танытып, елінің мүддесіне қызмет ететін Қазақстан Республикасының азаматы.

Мемлекеттік қызметшіге қойылатын ең басты талап – мемлекет пен халық алдындағы жауапкершілік. Жауапкершілік болған жағдайда халықтың мемлекеттік қызметшілерге деген сенімі артып, қоғам мен мемлекет арасында мықты көпір орнатуға әсер ететіні сөзсіз.

Сондықтан, мемлекеттік қызметші жауапкершілігін, мәртебесін сезіне отырып, әдеп нормалары шегінен шықпауы тиіс және ең бастысы халыққа қызмет ететінін естен шығармауы керек.

Өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Мемлекеттік қызметшілер арасында жиі қолданылатын жауапкершіліктің бір түрі – ол тәртіптік жауапкершілік.

Өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамай, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланып, қызметтік әдепті бұзып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметтегі шектеулерді сақтамағаны үшін мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолданылады.

Аталған фактілер орын алған жағдайда, тәртіптік теріс қылық жасау фактісі жан-жақты зерделенді және кейбір кезде қызметтік тергеу-тексеру жүргізілуі мүмкін.

Сонымен қатар, тәртіптік жауапкершілікке тартудың тәртібі және мемлекеттік қызметшінің осыған байланысты құқықтары мен міндеттерін айқынданған. Аталған талаптарды сақтау міндетті болып табылады. Мемлекеттік қызметші өзінің

тәртіптік жауаптылыққа тартылуына байланысты барлық материалдармен міндетті түрде таныстырылады, оған қызметтік тексеру рәсіміне қатысу құқығы беріледі.

Қарастыру нәтижесі бойынша мемлекеттік қызметші тәртіптік теріс қылық жасау дерегі расталғанда, ол заңнамаға сәйкес тиісті жауапкершілікке тартылады.

Бұл ретте, мемлекеттік қызметші жүктелген тәртіптік жазасымен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға немесе сотқа шағымдана алады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік органдардың тәртіптік практикасына тұрақты түрде талдау жүргізеді.

Талдау көрсеткендей, 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылғы тәртіптік жауапкершілікке тартылған адамдардың саны 11% және оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтары үшін жауапқа тартылған адамдардың саны 72%-ға азайған.

Көбінесе мемлекеттік қызметшілер азаматтармен қарым-қатынаста деректік фактілеріне жол бергені, әділсіздік танытқаны, яғни теріс іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан сынға ұшырағаны үшін жауапқа тартылады.

Осыған орай, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне жүгінуге болады. (Қарағанды қ., Н.Назарбаев даңғылы, 39, тел. 8 (7212)50-40-75).



ген болатын және аталған уәкілдің функциясын жұмысқа беделді және басшылық лауазымдағы мемлекеттік қызметшілерге жүктелген. Бұл институттың басты мақсаты – мемлекеттік қызметтегі тәртіпті нығайту. Әдеп жөніндегі уәкілдер де аталған бағытта жұмысты күшейтуі қажет.

Әдептілік, ар-намыс – адамдықтың белгісі. Тұрпайы мінез, жат қылық – надандықтың белгісі.

Сондықтан, «Мен мемлекеттік қызметшімін» деген кез келген азаматтың әрекеті, тәртібі мінсіз болуы қажет. Әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексінің, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талабын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы керек.

Өз кезегінде, мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану кезінде бұзушылықтарға жол берілген жағдайда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне жүгінуге болады. (Қарағанды қ., Н.Назарбаев даңғылы, 39, тел. 8 (7212)50-40-75).

А.НАУРЫЗБАЕВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары,
Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі



● МӘСЕЛЕ

Мамандықтың озығы, тозығы бар

Технология түрленген дәуірде мамандыққа деген сұраныс та өзгереді. Бір кезеңде гуманитарлық бағыттағы мамандықтарға сұраныс артты. Қазір технологиялық бағыт – басым. Бұл – мамандық таңдау бір тенденцияға тұрмайды деген сөз. Өткенді ескеріп, алдағы кезеңге көз жүгіртсек, мамандық таңдау жайын шамалауға болады. Мәселен, «Болашақ» қауымдастығы кеңесінің мүшесі Мұхтар Манкеев 2030 жылға қарай трендте болатын ТОП-7 мамандықты атады.

дамалар қорытындысын алуға мүмкіндік берді. Дәрігер де, ем алушы да қағазбастылықтан арылады. Барлық мәлімет электронды ортақ базада сақталады. Бұл дер кезінде көмек көрсетуге және уақыт үнемдеуге мүмкіндік берді. Ал, бұл медициналық қызмет сапасын арттыруға да айтарлықтай ықпал

тар мектептерде кәсіптік бағдар беру іс-шаралары дұрыс жолға қойылған. Ерте бастан 9 және 11 сынып түлектерімен пікірлесу барысында шәкірттің қандай салаға бейім екенін бағдарлайды. Сол арқылы қажетті ақпараттар бере отырып, жас түлектің бағытынан жаңылмай дұрыс мамандық таңда-

оқушыларын колледждерге алып барды. Жоғары оқу орындарының мамандары да оқушылармен кездесіп тұрады. Бірқатарымен меморандумға отырдық. Оқушылардың «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты Гүлшат Кемеловамен кездесуі мазмұнды өтті, – дейді Абай атындағы гимназияның педагог-кәсіптік бағдарлаушы, денешынықтыру пәнінің мұғалімі Дидар Әлімбаев.

Биыл сұлулық салоны мамандары, психолог, дерек талдаушы, логист, дәрігер, фитнес жаттықтырушысымен қатар, подкаст жүргізушісі ретінде журналист мамандар да сұранысқа ие. Мәселен, бір ғана логист маманы. Онлайн сауда барысында алған тауардың дұрыс жетуін қадағалайтын, әрі жеткізу қызметін көрсететін осы жеке логист мамандар. Алайда, уақыт сұранысына сай деп жаппай бір салаға кетіп қалу да мүмкін емес. Біздің елде инженерия, химия-энергетика, агроөнеркәсіп, коммуналдық шаруашылық мамандары тапшы екенін де естен шығармаған абзал.

Дегенмен, ерте кезден келе жатқан, бүгінде де маңызды жоғалтпаған, болашақта да сұранысын жоғалтпайтын мамандықтар жоқ емес. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, олардың көшін мұғалім және дәрігер мамандары бастап тұр екен.

Аймақта 11 сынып бітіретін 6 800, 9 сыныпты аяқтайтын 15 550 түлек бар. Аттестат алар уақыт жақындаған сайын олардың «Қай мамандықты таңдасам болады?» деген сансыз сұрақпен бетпе-бет келері сөзсіз. Иә, мамандық таңдау адам өміріндегі маңызды кадам. Өрине дұрыс таңдай білсе. Мамандықтың озығы бар, тозығы бар...

● ІЛТИПАТ

Қарттарды қуантты

Облыстық «VoLTEQ» ұйымының еріктілері 23 ақпанда Пришахтинскідегі арнаулы әлеуметтік көмек көрсету орталығына концерттік бағдарламамен барып, қарттарды ерекше көңіл күйге бөледі. Еріктілер Ж.Бектұров атындағы жасөспірімдер кітапханасы ұжымының қолдауымен ардагерлерге кітап-журналдар сыйлап, дастархан жасап, тәтті-дәмділерін ұсынды. Сөйтіп, орталықты мекен еткен қариялардың көңілін бір серпілтіп, қуантып қайтты.



Еріктілер орталықта тұрып жатқан қарттарға арнап сахналық қойылым қойып, домбырамен күй шертіп, Виктор Цойдың әндерін гитарамен орындады. Қарттар жастармен қосыла биледі, жұмбақ жасырды. Сондай-ақ, «Масленница» мерекесін де ұмыт қалдырмай, мерекелік ойындар көрсетті.

– Біздің волонтерлеріміз сабақ пен жұмыс кестесін осы іспен үйлестіре атқаруда. Олардың мақсаты – өзгелерді қуантып, қол ұшын беру. Осы жолы олар қамқорлық қарттарымыздың әңгімелерін де тыңдап, көңілдерін көтеріп, жігер бергендей болды, – дейді аталған волонтерлік ұйымның жетекшісі Тілеужан Әбдірешова.

Шара соңында осы орталықтың директоры Г.Көкібасова еріктілерге ризашылығын білдірді.

**Еркеназ ХАНАТБАЙ,
Санжар Асфендияров
атындағы ЖББ орта
мектептің
11-сынып оқушысы**

ШАХТИНСК

Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Екі мамандықтың бірігуінен туындаған IT-дәрігер деген мамандық бар. Бұрын блогерлер, SMM-менеджерлер дейтін едік. Оларды ешкім оқытпайтын да. Қазір солардың басын біріктіретін «Тренд бақылаушысы» деген кәсіби бағыт дамуда. «Биоинженер», «Деректер талдаушысы» немесе «Data-аналитик» деген мамандықтар сұранысқа ие болмақ. «Урбанист-экологтарға» да сұраныс жоғарылап келеді. Бұрын тек архитекторлар жұмыс істесе, қазір экологияны бірге алып жүретін гибриді мамандық пайда болды. «Жоба менеджері», «жасанды интеллект және машиналық оқыту саласындағы маман» деген сияқты жаңа-жаңа бағыттар дамиды, – дейді Мұхтар Манкеев болжамы.

Сарашылар да 2025 жылы осы мамандықтарға сұраныстың артауына айтып отыр.

Әр адам мамандықты өзі таңдауы қажет. Мамандығына жаңтаныммен берілген, білікті маман – қашан да сұранысқа ие. Өкінішке орай, ата-ана мен танысының айтуына оқуға түсіп, басқа салада жұмыс істеп жүргендер де бар. Мамандығымен жұмыс істегеннің өзінде, оған разы емес. Нәтижесін-



Коллажы жасаған Арайлым Күбегева

де, істеген ісінен береке кетеді.

– Мен таңдаған мамандық кейіннен пайда болды десе де артық емес. Біздің аймақта алғашқылардың бірі болып Қарағанды медицина университетінде қолға алынды. IT-медицинаның басты мақсаты – жаңа технологияны медицинаға енгізе отырып, пациенттерге қолайлы жағдай туғызғы. Мәселен, «DamuMed» бағдарламасы. Дәрігердің қабылдауына жазылу, тал-

етеді. Жалпы алғанда, Қазақстанда IT саласын дамытуға білім тарапынан ерекше қызығушылық және қолдау бар. Біздің маман ретінде міндетіміз – медициналық импорттарды іске қосу, бұзылғаны болса жөндеу, – дейді, қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы, IT-медицина мамандығының III курс студенті Нұрмұхан Қалқаманұлы.

Мамандық таңдау мектеп қарнағынан басталады. Бірқа-

уына ықпал етеді.

– Мектеп түлектерінен және 10 сынып оқушыларын Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік университетіне, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне, Астана IT университетіне, М.Нәрікбаев атындағы Заң университетіне апарды. Қарағанды қаласындағы барлық жоғары оқу орындарының кәсіптік білім бағдарымен танысып шықты. 9 сынып

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Шахмат мектепте үйретілмек

Қазақстан шахмат өнерін дамытуды қолға алды. Мәдениет және спорт министрлігі «Қазақстан Республикасында шахматты дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» қаулы дайындады. Жоспарға сәйкес шахмат мектеп бағдарламасына енгізілмек. Құжат 14 наурызға дейін қоғамдық талқылау үшін Ашық НҚА (нормативтік-құқықтық актілер) сайтында орналастырылған.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жоспарда шахматты дамытудың бірнеше бағыты қарастырылған. Мәселен, мектеп бағдарламасына шахмат енгізу үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептердің оқу жоспа-

рына шахмат бойынша факультатив енгізу, шахмат секцияларын кенейту, ұлттық мектеп және студенттер лигасының бағдарламасына енгізу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, педагогикалық бағыт бойынша жұмыс істеп тұрған кафедралар базасында шахмат мұғалімдерін даярлау бойынша ЖОО шта-



тында бірліктер бөлу, ЖОО-да шахмат клубтарын ашу ұсынылды.

Басқа бағыттар турнирлер мен жарыстарды, сонан ішінде халықаралық жарыстарды өткізуді көздейді.

Жоспарды іске асыруда қандай нәтижеге қол жеткізуге болады?

Жалпы білім беретін мектептерде шахмат бойынша факультатив (курс) енгізіліп, оқытуда бастауыш сынып

оқушыларының 20%-ын қамтиды. Сондай-ақ, білім беру ұйымдарында кемінде 200 шахмат клубы ашылмақ.

Шахматтан ҚР құрама командасының (шахматтан ұлттық құрама командасы) әлемнің ТОП-10-на кіруіне, 20 жасқа дейінгі қазақстандық шахматшылардың «халықаралық проспейстер» спорттық атағын алуына мүмкіндік бермек. Әлем, Азия чемпионаттарында, шахмат олимпиадасында және басқа да FIDE ресми чемпионаттарында қазақстандық шахматшылар жеңіп алған медальдар санын ұлғайту көзделді. Сонымен қоса, шахмат бойынша кемінде 500 педагог даярланады. Кемінде 250 кадр қайта даярланып, біліктілігін арттырады.

Сайттың сілтемесі – <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14433424>

● ҰЛТ САУЛЫҒЫ

Шетелдіктердің шеберлік сағаты

Ана мен бала денсаулығы медицинадағы өзекті мәселе екені анық. Ол – ұлт байлығы. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің көрсеткіші. Өкінішке орай, бұл көрсеткіш үлкен шыға алмай келе жатқаны рас. Кейінгі жылдары ана мен бала өлімі жиілен кетті. Сондай әр оқиғаны жігі зерттеген құзырлы мекемелер бірінде адам өмірін сақтап қалу мүмкіндігінің жоқтығын растаса, кейбірінде «өмір сыйлауға болушы еді...» дегендей шешім шығарады. Адам жанын арашалап қалуға мүмкіндік бола тұра оны пайдаланбауға не себеп? Мамандардың біліктілігін немесе тапшылығы, тәжірибенің жоқтығы, әлде қажетті жабдықтардың жетіспеуі. Бір-бірімен тығыз байланысқан бұл себептердің салдары аса ауыр. Сол ауыр салдардың алдын алу үшін мемлекет тырысып жатыр. Жергілікті перинаталдық орталықтарды заманауи құралдармен қамтып, ғимарат инфрақұрылымын реттеп, мамандарын оқытуда. Қаладағы №1 перинаталдық орталықта шетелдік мамандар өткізетін семинар-тренингтер жиі ұйымдастырылады. Жоғарыда сөз еткен көптеген себептердің шешімі осыдан болар деп...

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жолы перинаталдық орталықтардың жұмысын ұйымдастырудың өзекті мәселелері талқыланды. Шетелдік тәжірибе сараланды. Ресей Федерациясы Сібір федералды округінің неонатология жөніндегі денсаулық сақтау министрлігінің бас маманы, анестезиолог-реаниматолог дәрігер Светлана Ионушене біздің мамандарға үш күндік семинар-тренинг өткізді.

– Жүкті әйелдерге үш деңгейлі көмек көрсету жағдайлары, баланың аурулары мен ақауларын жатырда жатқанда-ақ анықтау, ондай жағдайда не істеу қажет екенін талқылады, – дейді Светлана Ионушене. – Мұнда айтылғандар денсаулық сақтау жұмысын ұйымдастырушыларға арналған. Жиналғандардың барлығы тәжірибелі мамандар. Біз

айтылғандарды іс жүзінде қалай қолдануға болатынын талқыладық. Спикердің айтуынша, Ресейдің барлық аумағында ана мен бала өлімінің көрсеткіші төмендеп келеді. Оның барлығы жолға қойылған жүйелі жұмыстың жемісі дейді ол.

– Медициналық көмек барлық деңгейінде іс жүзінде жасалып, әбден қалыптасқан. Біз қазір басқа бағдарламаларға көшіп жатырмыз. Жүкті және босанған әйел мен сәбиге қажетті маршруттар бекітілген. Қазақстанда байқағаным, жүйелі жұмыс жоқ сияқты. Мысалы, жұмыстың басы, ортасы, соңы бар. Дәрігерлер немесе ұйымдастырушылар қалай жасау керектігін біледі. Бірақ, көп жағдайда оларда қолжетімді жағдай технологиялар жоқ. Мәселен, денсаулығында ақауы бар сәби мен әйелді қабылдай алатын үшінші деңгейлі ме-

дициналық мекемелер жоқ. Алыс арақашықтықты айтуға болады. Десе де, Ресейде де шалғай жатқан елді мекендер көп. Қажет жағдайда кімнің не істеу қажеттігі туралы нақты алгоритм, босанған әйел мен сәбидің бағыты айқын емес, – дейді ресейлік маман.

Өрине, мұнда екі елдің денсаулық жүйесіндегі, заңнамалық өзгерістерді ескеру қажет-ақ. Дегенмен, ана мен бала өмірін сақтап қалу қай жерде болмасын басты міндет екені сөзсіз.

арасында үйлескен жұмыс қалыптасқан. Ауыр жағдайларда түн ішінде болсын, кезекші дәрігер маған хабарласады. Мен орынбасарыма, қосымша қажет деген басқа да мамандарға айтамын. Олар тәуліктің кез келген уақытында келеді. Мұнда уақыт шектеулі, оны барлығы түсінеді. Ал, мамандардың үнемі осында болуы қажет емес деп ойлаймын. Егер жоспарлы операция болса, онда әңгіме басқа. Операцияға қатысатын барлық мамандар аталған уақытта келіп, дайын тұрады. Біздегі жұмыс механизмі осылай қа-



– Шетелдік спикер айтқандай, оларда барлық маман бір жерде орналасқан. Бізде, облыстық клиникалық аурухананың дәрігерлері

лыптасқан, – дейді №1 перинаталдық орталықтың менеджері Жанара Жарова.

Оның айтуынша, биыл тағы да

бірқатар семинар өткізу жоспарланған. Мәселен, орталық наурызда мәскеулік жетекші акушер-гинекологты шақырмақ. Ол шетелдік мамандар өткізетін шаралар нәтиже беретінін айтты. Мәселен, былтыр аурухананың жеке қаражаты есебінен Омск мемлекеттік медицина университетінің профессоры Сергей Баринов келіп, метропластика әдістерін үйретті. Шеберлік сағаты аясында Қазақстанда алғаш рет метропластика мен Жуковский бойынша екібалонды тампонада әдісін қолдану арқылы органды сақтап қалу операциясы жасалған болатын.

– Жатырды сақтап қалу біздің орталық үшін маңызды. Себебі, бізге қан кету ықтималы жоғары, баланың

үшін жатырды сақтап қалуға тырысамыз, – дейді ол.

Оның айтуынша, былтыр 45 әйелдің жатырын аман сақтап қалыпты. Өрине, бірнеше кесарь тілігі жасалса, тігістері тереңде болса, бұл мүмкін болмайтын жағдайлар да кездеседі екен.

– Ондай қауіпті байқасақ, әйелдерге баланы ерте кезде алдырып тастауға кеңес береміз. Алайда, олар сенбейді ме, әлде денсаулығына немқұрайлы қарайды ма, туамын дейді. Бірақ, қан кеткенде, басқа жағдайларда дәрігерлерді кінәлайды, – дейді дәрігер.

Сонымен қатар, Жанара Жарованың сөзінше, бүгінде перинаталдық орталықта акушер-гинеколог, неонатолог, анестезиолог-реаниматолог мамандарына тапшылық жоқ. Тек үш медбике жетіспейді екен. Бірақ, ол мәселе де жазда шешімін табатын көрінеді. Осында іс-тәжірибеден өткен, медициналық колледждің түлектері қажеттілікті толық жабады деген жоспар бар. Неонаталдық бөлімі бар В орталығына келесі жылы жөндеу жасалады. Құжаттары қазір қаралып жатыр. Бұл ретте инфрақұрылым да жөндеуден тыс қалмайды.

Акушерлік саладағы кей жағдайлар шұғыл әрекет етуді талап етеді. Одан бөлек, ерте диагностика, алдын алу және емдеудің жаңа тәсілдері де назардан тыс қалмауы тиіс. Бүгінгі таңда шұғыл жағдайларды емдеудің тиімділігі дәрігердің біліктілігіне, оның науқастарды басқару тактикасы мен стационарда қажетті жағдайлардың болуын дұрыс анықтай алуына ғана емес, сонымен қатар, міндеттерді нақты бөлу мен медициналық персонал жұмысының үйлесімділігіне байланысты. Мұны мемлекет те, дәрігерлер де түсініп келеді.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

• ТАНЫМ

Адамның есімі тағдырына әсер ете ме?

Қазақ салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, адам өміріндегі мән-маңызы бар рәсімдерге берік халық. Соның ішінде, азан шақырып ат қоюға ерекше мән берген. Әр әкенің перзент алдындағы міндеттерінің бірі – оған жақсы есім беру. Кейде ата-анасы алдын ала есім ойласа, кейде бала өмірге келген кездегі тарихи оқиғаларға байланысты қояды. «Баланың есімі оның болашағына әсер етеді» деп сенген.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балаға азан шақырып, ат қоюдың жөні бір бөлек. Азан шақырып ат қойса, балаға бәле-жала жоламайды. Бұл туралы Пайғамбарымыз Мұхаммед: (Оған Алланың иілігі мен сәлемі болсын) «Кім-де-кім дүниеге келген баласының оң құлағына азан шақырып, сол құлағына камат түсірер болса, ол балаға «Үмму Сибянын» зияны тимейді» деген. Яғни, ол балаға жың-шайтан зиян тигізе алмайды.

Шынында, қазір бұл рәсімнің маңызын жөнді түсінбегендер заманауи ат қоюға құмар. Кейде ол сәнді есімнің мән-мағынасы болмайды.

Елімізде өткен Азияда ойындары мен ауқымды саммитке байланысты да Азияда, Самитхан деген сынды түрлі ат қойылды. Олар да қазір үлкен азамат болған шығар. Ес біле бастағанда Сатыпалды деген есімге қатты таң қалғанбыз. Света, Зинаида деген апаларым бар. Бұл – Кеңес үкіметінде сәнге айналған есімдер. Осыдан 10 шақты жыл бұрын Шәмші-Қалдаяқ, Мұхтар-Шахан сынды есімдер де сән болған. Мұндай ерекше есім иелері телеарналардағы арнайы бағдарламаға да шақырылатын.

Ал, енді, кейбіреулер араб есімдерін, Пайғамбарлардың атын қоюға құмар. Мұхамеджан, Исабай, Әлимуса, Ыбырай деп араб есімдерін қазақшаға икемдеп алу халқымыздың даналығын аңғартады. «Балаға есім ауырлық қылмасын, өмірі шуақты, жолы ақ болсын» деген үлкендердің ізгі ниеті бұл.

Атақты адамдарға ат қойғызудың дәстүрі де қалыптасқан. Ал, енді, таңдап қойған есімдердің балаға ауыр болатын кездері де кездеседі. Бір мысал келтірейін. Бір кісі егіз ұлына Керей, Жәнібек деген есім берген екен. Бұл екеуі қазақ хандығының бастауында тұрған тұрғырлы әрі әуақты тұлғалар ғой. Шілдехана тойы өткен соң Керей көз тиіп, шетінеп кетті. Әкесі қатты өкінген. Бірақ, өкініштен пайда жоқ.

Тағы бір мысал. Бір танысымынның келіншегі егіз қыз босанып, оларға Аяна, Райана деп есім берді. Аяна түсінікті, Райана – жұмақтың қақпасының аты көрінді. Аяна аман-есен, Райана сол беті перзентханадан шықпады. 2 жылдай арнайы құрылғымен өмір сүріп, иесіне қайтты. Пәк күйінде. Аманкүл, Есенкүл қойғанда басқаша болар ма еді, кім білсін?..

Егер, балаға атақты адамның есімі берілген соң шетінеп кетіп жатса, оған «ат ауыр болды» деп бір жақты қарау дұрыс емес. Өйткені, небір атақты адамдардың есімін арқалап, әлі күнге аман-есен жүргендер бар ғой. Әке-шешелер жана туған балаға жақсы қарау керек. Көпшілікке апармауы қажет. Егер, перзентханадан шықпай, арнайы құрылғы арқылы тыныстаса, ол бала шала туыды деген сөз. Демек, жас атаналар денсаулығын күтсін. Оның есімімен мүлдем қатысы болмауы да ықтимал. Бірен-саран кездесетін шығар. Солай екен деп, шетімізден қиялы болып кетпейік, – дейді психолог маман Думан Нұрлаұлы.

Жөн делік. Ал, енді, өмірден алынған мына оқиғаға зер салайық.

Шымкент жақта тұратын бір ағамыз Қозы деген досының бар екенін айтады. «Қозы досым 60-тан асса да әлі үйленген жоқ. Жақ-

ли, Барлығы Пайғамбарлардың есімі. Бірақ, бұл ұлы тұлғалардың да өмір жолына есімі әсер еткен болуы мүмкін деп ойлаймыз. Бір жақсысы, ел оларды еркелетіп басқаша атаған. Сондықтан, атақты адамның аты қойылған баланы лақап атымен шақырған.

– Негізі, көнекөз қариялардың айтуынша, ат қоярда қолдан келсе, өздері мағыналы сөздерді біріктіріп, есім берсе жөн болатын

Нағмет ақсақал.

Шежіреге көз жүгіртсек, белгілі тұлғалардың есімі әр жеті буын сайын қайталанғанын байқаймыз.

Біздің ауылда Рим деген кісі болды. Қартайғанша көлдің бойындағы шағын үйінде жалғыз өмір сүрді. Римді жеке империя қылған Цезарьға қатты еліктесе керек...

Кейбір есімдердің өзі кесепаттың символына айналып кетеді.



сы жұмыс істеді, табысы да мол болды. Үйі де кең еді. Жағдайы жақсы, бай-бақуат. Бірақ, әлі сұрбойдақ. «Есімді Қозы деп неге қойдыңдар, Баянымды әлі таппады» деп ренжиді екен туыстарына.

Кейде ұлы есімдерді қазақша лап еркелетіп айтқан атақты тұлғаларды білеміз. Мысалы, Абайдың есімі – Ибраһим, Шоқан – Мұхамед-Қанания, Жүсіп – Мәшһүр Жүсіп, Мұқағали – Мұхамеджа-

көрінеді. Сонда аты әрі ерекше әрі әдемі болады екен. Ал, жолдың ашық болуы ниетке байланысты. Мәселен, мен немереме Күнімай деп ат қойдым. Күн және ай сөздерінің қосындысы. Өзім балаға осылай ат қойғанды дұрыс санаймын. Неге мен біреудің атын қоюым керек. Ол да аспаннан түскен жоқ қой. Менің осы есімі ерекше балам болашақта адал әрі атақты болып, ел соның атын балаларына берсін, – дейді көпті көрген

Мәселен, қазір Адольф және Гитлер деген есімді ешбір неміс баласына қоймайды екен. Негізінде Гитлердің түбірі Гитле – жақсы, мейірімді деген мағына береді екен.

Біз кейде тектілік туралы жиі айтамыз. Ким, Пак деген кәріс есімдері өздеріне ғана тән. Бұл бір әулеттің немесе бір рудың түбі болып есептелетін көрінеді. Ол 50-60 атаға дейін жалғасып жатады екен. Швайнштайгер деген есім бар

немістерде. Оның арғы атасы шошқа бағушы болыпты. Ал, «Формула-1» спортынан әлімнің жеті дүркін чемпионы Шумахердің арғы аталары етікші болыпты. Шумахер сөзі – етікші деген мағына береді. Демек, ат қоюды әулеттің, ата-бабаның өмірін, тұрмыс-тіршілігін де ескеру керек. Өйткені, сен сол текті жалғаушысың.

Абылайхан, Жәнібекхан, Есімхан деп ат қойып жатамыз. Қазақ мұндайда Абылай, Жәнібек, Есім деп қойған. Ал, хан бола ма, патша бола ма, бек бола ма оны маңдайынан көреді. Өйткені, хан деген атаудың өзі балаға ауыр міндет жүктейтіндей көрінеді.

Менің есімді әкем Жөнейтхан қоймақшы болыпты. Өйткені, тетелес ағамның есімі – Жәмшитхан. Ауылсовет болып жұмыс істейтін Ниязбай дейтін ағамыздың Юсупов деген көмекші досы болыпты. Менің туу туралы куәлігімді жазарда есімді Жәлел деп өзгертіп жіберіпті. Атам да досына қарсылық танытпаса керек. Кейін білсем, Жөнейтхан деген түрікменнің батыры болған. Оның қатыгездігі Юсуповқа ұнамай, татар ақынның есімін қойып, дұрыс қылыпты деп ойлаймын қазір...

Кейде керісінше, атақты адамдар перзенттеріне қарапайым есімдерді береді. Демек, балаға ат қоюда, әсіресе атақты тұлғалардың, Пайғамбарлардың, патшалардың атын берерде байқау керек. Қазақтың даналығына сүйенсе отырып, мағыналы әрі қазақы ат қойсақ, құба-құп. Себебі, атақты қолбасшы Ескендір Зұлқарнайынның даңқын кейін есімі күллі әлемге таралды. Ескендір, Искандер, Александр деп қойып жатты. Өйткені, ол жеңімпаз қолбасшы еді. Ал, шындығында, кез келген есімді көркем ететін адамның іс-әрекеті. Сондықтан, атыңыз кім болса да, жақсылыққа, ізгілікке құштарлық арқылы сіздің де есіміңіз елге үлгі болары хақ.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Дүниежүзілік жарысқа жолдама алды

Облыстық мамандандырылған «Мұрагер» мектеп-лицей-интернатының JelToqSun командасы Астана қаласында өткен Central Asia FIRST CHAMPIONSHIP – 2023 робототехника ойындарында екінші орын иеленіп, АҚШ-та өтетін FIRST CHAMPIONSHIP – 2023 финалдық Дүниежүзілік жарысқа жолдама алды. Бұл туралы облыс әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Central Asia FIRST CHAMPIONSHIP – 2023 робототехника ойындары Оқу ағарту министрлігінің қолдауымен USTEM Robotics Қоғамдық Қоры ұйымдастырды. Жарысқа еліміздің барлық өңірлерінен 1200-ге жуық оқушы қатысты.

Қарағанды облысынан сегіз команда қатысып, оның алтауы жүлделі орындар мен номинацияларға ие болды. «Мұрагер» ММЛИ JelToqSun командасы жарыста техникалық білім мен дағдылардың жоғары деңгейін көрсетті.

– Балалар бұл ойындарға ұзақ уақыт дайындалды. Астанада өткен жарысқа дейін олар жас робототехниктердің маңызды жарыстарында жүлделі орындарға ие болды. Команда құрамында жеті оқушы бар. Енді олар робототехника бойынша Дүниежүзілік чемпионатқа дайындалуға бар күш-жігерін салатын болады.



Біздің мектептің тағы бір командасы – Alash – инженерлік шеберліктің жоғары деңгейі және жобалаудың инновациялық тәсілдері үшін Engineering Excellence Award номинациясымен марапатталды, –

деді «Мұрагер» ММЛИ информатика және робототехника мұғалімі Бердібек Қазығұлов.

BEST PIT AWARD FINALIST номинациясында «Ақпараттық технологиялар» ММЛИ Mirinda командасы жеңіске жетті. Motivate

рын» ММЛИ DARYN командасы алғашқы болып иеленді.

– Бұл байқауда біз өңірлік кезеңде Innovation project номинациясында бірінші орын иелендік және Core values секциясында жүлдегер атандық. Біз роботтармен жұмыс істеуге көп уақыт жұмсадық және осы секцияда үздік ондыққа қосылғанымызға қуаныштымыз, – деді команда мүшесі, «Дарын» ММЛИ 8-сынып оқушысы Абылай Қадырбек.

Аталған жарыста Н.Нұрмақов атындағы ММЛИ #Nurmakov командасы ерекше ойын көрсетті. Команда жазда өтетін шетелдік байқаулардың біріне жолдама алды.

– Біздің жоба жеке сектор мен ауылдық жерлерде электр энергиясының үзілу мәселесін шешуге бағытталған. Біз оны шешуге тырыстық. Мұны арнайы құрылғыларды үш фазаға орналастыру арқылы басқара аламыз. Ол үшін макет жасадық, құрылғымыздың қалай жұмыс істейтінін көрсеттік. Балалар жобаны өте жақсы қорғалды. Осымен тоқталмай, жобаны әрі қарай жетілдіруді мақсат етіп отырмыз. Жазда Бразилия немесе АҚШ-та өтетін жарыстарға қатысу ойда бар, – дейді робототехника бойынша жаттықтырушы, информатика пәнінің мұғалімі Айдар Сейілханов.

• ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Жылы аялдамалар – бақылауда

Өткен жылдың соңында Қарағандыда жылы аялдама павильондары орнатыла бастады. Өкінішке қарай, жылы аялданы мекендеген бұзақылар оны бірнеше мәрте қиратты. Төрт аялдаманың әйнегі сынып, 2 жылу құрылғысы ұрланған. Келтірілген шығын 1,2 миллион тенге. Осы ретте қала тұрғындары аялдамаларды сындырған бұзақылар жазасыз қалмауын өтініп, әлеуметтік желіден қала әкіміне хабарламалар жолдаған. Бұдан былай бұзақылық қайталанбауы үшін Қарағандының жылы аялдамаларына бақылау камералары орнатылуда. Бұл туралы қала әкімі Мейрам Қожухов мәлімдеді.



Ең бірінші «Алтын арбанын» аялдмасы зардап шекті. 2022 жылғы 25 желтоқсанда кешкі мезгілде көшедегі бақылау камералары «Таир» сауда үйінің маңындағы жаю жүргіншілер өткелін қызыл белгі жанып тұрғанда мас адамның кесіп өткенін тіркеді. Содан кейін камераға дәл осы адамның аялдама әйнегін сындырып жатқаны түсіп қалған.

Кейін бұзақылар 45-ші орам аялдмасы, «Жаңа Майкүлдік» мәдениет үйі ауданындағы аялдамаға зиян келтірді. Тіпті, «Кеншілер» мәдениет үйі аялдмасының жылу құрылғысы ұрланды.

Қала тұрғындары бейнекамералар пайда болғаннан кейін вандализм ағыны тоқтайды деген үмітте. Камералар Қарағанды по-

лициясының ЖБО-мен тікелей байланысты болады.

– Әлеуметтік желіде аялдамаларға зәлал келтіргендерге шара қолдануды өтінген хабарламалар көп. Енді бұзақылар жазасыз қалмайды. Барлық он төрт аялдамаға тәулік бойы жұмыс істейтін бақылау камерасын орнатамыз. Камерадағы деректер нақты уақыт режимінде Қарағанды қаласының полиция басқармасына түсетін болады. Бұзақылық орын алған жағдайда зәлал келтіруші заң алдында жауап береді, – деді қала әкімі өз хабарламасында.

Акерке БАЙБӨКІР,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
4-курс студенті

• ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

31-ші автобус жолға қайта шықты

Қарағандыда 31-ші бағыттағы автобус қайта жұмысын бастады. Көктемнің алғашқы күнінен бұл маршрут қала бойынша жолаушы тасымалдайтын болады. Қоғамдық көлік өзгерістері №16 және №69 автобустарын да айналып өтпеді. Өзгеріс аясында №16 автобус Күнгеі ауданының бірнеше көшесін қамтыса, №69 автобус «14 шағын ауданнан» «Көгілдір тоғандардағы» №4 емханаға дейін жолаушы тасымалдайды.

– Қала тұрғындары пандемия кезінде тоқтаған №31 маршрутты қайтаруды сұрады. 1 наурыздың 14 шағын ауданы мен Қарағанды экономикалық университеті аялдамалары арасында №31 маршрут бойынша 10 автобус желіге шығады. Автобустар «Глобал Сити», одан әрі Дүйсембеков көшесі мен

Бұқар жырау даңғылы арқылы қатынайды. Өзгерістер №69, №16 маршруттарына да енгізілді, – деп мәлімдеді Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожухов.

Акерке БАЙБӨКІР,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
4-курс студенті





• ҚАРАҒАНДЫ ҒАЛЫМДАРЫ

Тіршілік тінінің тамыршысы

Қазақстанда эколог ғалымдар көп емес. Әсіресе, бар ғұмырын қоршаған ортаны қорғауға сарп етіп, іргелі ғылым саласының негізін қалаушылар некен-саяқ. Суреттегі сөз етер кейіптеріміз – «Жаһандық дүниетанымдық экология» мамандығы бойынша Халықаралық Еуразия академиясының академигі, ұлағатты ұстаз Қайыржан Бекішев болмақ.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұранның суын жалаңаяқ кешіп, шілігінің шыбығын ат қып мінген бала Қайыржанның арманы биік еді. Өршіл өрен Көбетей ауылының саф ауасымен жетіліп, жусанын тербеткен самал желімен жарысып өсті. Бала шағынан зейінді ғылым атты тылсым әлемге іңкәр болып өсті...

Алайда, тағдыр дейтін төренің талқысына шыдаған бар, шыдамаған да бар. Небәрі бесінші сыныпта оқып жүрген шағында асқар тау әкесінен көз жазып қалды. Соңыра бозбала кезінде аяулы анасын жер қойнауына тапсырды. Ата-анасының сіндірген тәрбиесі мен өсиеті азаматты ерте есейтті. «Сонда мен ержігіттің жаспен емес, жауапкершілікпен есейетінін түсінгендей болдым» дейді ағамыз тебірене. Апасы Мақатай мен жанашыр жездесі Мұқшы қарашанырақты шайқалтады. Бауырына басты. Басалқы айтты. Қуанышы мен қайғысы қатар жүретін өмір атты дарияда ағамыз жасымады. Жігері жігіт көкейіндегі көп ойды іске асырмақ ниетпен өрге ұмтылды.

1960 жылы Қайыржан Бекішұлы Қарағанды мемлекеттік педагогика институтына қабылданады. Араға бес жыл салып, озат студент оқу ордасын биология мамандығы бойынша үздік тә-

мамдайды.

Көзі ашық, көкірегі ояу жас азамат отбасын құруды ұйғарды. Мектеп қабырғасында-ақ Хауа атты жаны мөйдір қызбен жалғасқан адал достық шынайы махаббатқа ұласады. Бір-біріне құштар қос жүрек туған жердің киелі топырағында табысады...

Ол еңбек жолын төтеден емес, төменнен бастауды жөн санайды. Туған жерге қызмет қылмақ игі ниетпен Нұра ауданына қарасты Қобыкөл ауылындағы мектеп мұғалімі болып жұмыс істейді. Ойынның ұтқырлығы мен ұйымдастырушылық қабілеті ел қошеметіне бөледі. Сөйтіп, 24 жасар білімді маманға Балықтықөл ауылындағы мектептің директорылық міндеті жүктеледі. Білікті басшы іскерлігін танытып, білім сапасын жоғары деңгейге көтере білді. Тіпті, Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің анасымен рухани кездесу ұйымдастырғаны да ұрпақ санасына өшпез із қалдырды. Ақылы дария ананың ақ батасын алғаны болар, келешек күндерінде көсегесін көгертті.

1969 жылы болашақ ғалым қызмет бабымен кенді өңірге ауысуына тура келеді. Өзі түлеп ұшқан ол кездегі Қарағанды мемлекеттік мұғалімдер институты ұстаздық қылуға қолқа салады. Ойлары орамды оқытушы экология саласының өрісін ғылыми айналымға түсірді. Қоршаған ортаның қордалы түйткілдерін қазақ санасына



бабалардың қанатты сөздерімен қабыстырды.

1974 жылы ол ғылым жолын Мәскеудегі А.Северцев атындағы ғылыми-зерттеу институтында жалғастырады. Төрт жыл бойы тыным көрмей, көз майын тауысып, диссертациясын жазды. Күні келіп, сағаты соққанда биология ғылымдарының кандидаты атағын сәтінмен қорғап шығады.

Атпал азамат Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің биология-химия факультетінің деканы болған кезінде де «өзім білемге» салмай, жан баласына қылдай қиянат қылмады. Өзінің «сабақ мазмұнды өтіп, студент тәлімді болып шығуы керек» деген өмірлік ұстанымынан айнымады.

Қайыржан Бекішев Қарағанды өңірінің қоғамдық-саяси өміріне де белсене араласты. 1994-1998 жылдар аралығында партия ұйымының хатшылығы мен аталған оқу ошағының тәрбие ісі жөніндегі проректорлық жұмысын бөле-жармай қатар алып жүрді. Түптеп келгенде, екі тізгін бір шылбырды тең ұстады.

Ғалым экологиялық ахуалдың алдын алуға байланысты байламдарын бұқпасыз, боямасыз қаймықпай білдіреді. Мәселен, Нұра өзенінің табанында мыңдаған тонна сынап қалдықтарының шөгіп жатқандығы сынды кемшіліктерді кесіп айтты. Ағын суға Қарағанды және Теміртаудан құйылатын өнеркәсіп сарқындарын кешенді түрде тазарту қа-

жеттілігін ашынып алға тартты. Болмысы бөлек, талғамы ерек азамат – 120-дан астам ғылыми еңбектердің авторы. Халықаралық деңгейде шолу жасады. Ілім жолында ізгілікті іздеді. Осы күні сексен деген белестің сеңгіріне шыкса да, бойындағы күш-қайрат сарқылмады. Биология және география факультетінде өткізілетін жиындар мен жиналыстардың Қайрекен бірде біреуін құр жібермейді. Күн тәртібіндегі күрмеулі сұрақтарды ұжыммен келісіп, кеңесіп шешім шығаруға да атсалысады. Журналистік зерттеу жүргізген тұлғаның таудай талабын заманында Төлеухан Әубәкіров ұштаған еді. Білімінің шамшырағын жақты. Ұстаздық ұлы мұратына ұстын болды. Нәтижесінде университет ішіндегі аудитория Төлеухан Әубәкіров есімін еншіледі.

Ел қадірлісі Қайыржан Бекішұлы қайда жүрсе де, не қылса да, қазақ деген қарақөз халықтың мүддесін ойлады. Жас әріптестеріне бағыт көрсетіп, көрген-түйгендерімен бөлісе жүреді. Үлкендіктің үлгісін танытып, көркем мәмілеге шақырады. Қазақ зиялысы ғылым саласына соны леп әкелді.

Сан мәрте сараптамалар жасағанда табандылықты ту етті. Кез келгеннің батылы барып, жүрегі дауаламайтын жанкештілігін анық байқатты. Гарышкерлер даярлаудағы ілкімді ізденістері Халықаралық аренада мойындалды. Және бұл салада да алғашқылардың бірі болды. Осы сынды еселі еңбектері үшін ғалымға 2002 жылы профессор атағы берілді. Академиктің әрбір дәрісін студент қауымы ұйып тыңдайды. Тіршілік нақында тебірене оқитын дәрістерін, қиядан шалып сойлейтін лекцияларына магистранттар да қатысуға құлшынып тұрады. Бүгінде Қайыржан Бекішұлы жас

буынның ғылыми жобаларына жетекшілік етуде.

Қайыржан аға мен Хауа апа алтын асықтай үш ұл мен ай маңдайлы бір қызды мәпелеп өсірді. Бауырларынан өрбіген балаларының барлығы да – заңгер, экономист сынды мәртебелі маман иелері.

Саналы ғұмырында ғылымнан айнымаған, парықсыз пайдаға қызықпаған азамат өнерден де құралақан емес. Қазақтың қазойын кара домбырасын күмбірлетіп шебер шертеді. Есті әндердің мақамын әдемі келтіреді. Керек десеніз, күй де төгілтеді.

Халқы төбесіне көтерген академик елінің қадір-қасиетіне бөленуде. Оған өнегелі өмір жолы дәлел. 2013 жылы «Нұра ауданының Құрметті азаматы» атағын иеленді. «Ыбырай Алтынсарин» төбелігімен және халықаралық адрогра қарсы «Семей-Невада қозғалысының 20 жылдығы» медалімен марапатталды. Сондай-ақ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің еңбек сіңірген қызметкері. Экология мамандығына арналған «Қоршаған орта және биозерттеушілікті сақтау», «Биологиялық және шикізат ресурстарын тиімді пайдаланудың жаңа технологиялары» атты міндетті компонент пәндерін дайындады. Профессор Қ.Бекішев білім саласындағы ерен еңбегі үшін Қазақстан Республикасы білім саласының Құрметті қызметкері. ҚР Жаратылыстану ғылымдарының Ұлттық академиясының корреспондент-мүшесі. 2013 жылы Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталды.

Тағдыры таңданыс туғызарлық осы бір аяулы азаматтың өмірлік жолының бір парасы бұл. Иә, ата-ана өзінің баласын сүйеді, ұстаз өзінің баласын сүйеді. Ғұмыры гирбатқа толы гүзиз жанның берер өнегесі сарқылмағай деген тілек қосады шәкірттері.

• ОЙТАЛҚЫ

«Өлеңге әркімнің де бар таласы» немесе бос па, дос па?

«Егемен Қазақстан (06.01.2023) мен «Жас Алаш» (20.12.2022) газеттеріне Абай хакімінің «Кейде есер көңіл құрғырын» өлеңі талданған мақала жарияланып, санамды біраз әуре-сарсаңға салды. Әуелісінің авторы – Сұлтан Ыбырай, кейінгі мақала иесі – Асан Омаров. Екеуі де белгілі абайтанушы. Уәждері, дерек, дәйектері құрсауы мықты қақпан сынды болғандықтан, қарсы келер дәрмені де қалмағандай. Дегенмен, өзімізше аннан-мұннан шалып, «бірдеме» айтуға бекіндік. Жаман-жақсы болсын бұқартанушы деген атымыз бар ғой.

Дананың көп шығармасы рух пен нәпсі арасындағы күрес жөнінде. Көп өлең сөздер құдай сөзі «Құранды» тәпсірлеу сипатында. Авторлар дүние сөзін материалдық затпен шатыстырғандай. Сосын діни догма деп, сопылық деген түсінікті аса көзге іліңкіремейтін сияқты. Енді «дос» пен «бос» жөніндегі уәжімізді дәлелдеп көрейік.

«Махаббатсыз дүние бос» десе, 3-жолында: «қызықтан өзге қалсаң бос» деп, бір сөзді екі рет қайталап тұр. Біз білетін хәкім олай етпесе керек еді. Жалпы, «Махаббатсыз – дүние бос» – деп алсаңыз, әлбетте құлаққа да, жүрекке де жағымды, ұғынықты. Ал, екінші жолын жалғасаңыз, онда мағынасы ашылмай тұрғандай есер береді. Әр екі тармақ бір құрмалас сөйлемнің қызметін атқарып тұрса, «дүние достың» жалғасы «хайуанға оны қосындармен» астасып жатыр емес пе?!

Бұл кісілердің ләмі «малға дүниенің керегі не?! Шөбі мен жемі болса, болды емес пе?» дегенге саяды. Әлбетте, махаббат деген қасиетті ұғымның ауқымы ұланғайыр. Махаббаты тұр-түрге бөлсек, оның әрқайсысының баспалдақ сатысы болары анық нәресе.

«Қызықтан өзге қалсаң бос, Қатының, балаң, досың бар» – деп, дана тылсым дүниедегі қызықты екінші дүниелік махаббатпен құрмаластырып тұр ғой.

Алланы тану ілімі, жан мен ар ілімі жоғары хактықпен байланысты. Жан қалауы мен азығы, тәннің азығы жөнінде ғұлама «жетінші» сөзде тәпсірлеп жазды емес пе?!

Тағы да дүние сөзіне сәл мән беріп көрейік. Дүние-мал-мүлік жалпы мына жалғандағы көзге түсетін зат деп қарасақ болар-ды. Алла жаратқан он сегіз мың ғалам да – дүние. Әлгі нақлия іліммен ғаклия ілімді шатастырмас үшін



екеуіне де бір махаббатты ұсына алмаймыз. Егер біреуі басып кетсе, онда бір жақты болып кетеріміз бек мүмкін. Ал, алдыңғысын ұстанғандар Абайды наза қылған хайуан болады да, екеуіне де мән берген жан, яки хәкім шәкірті болып шығады. Біз мына дүние ғылымының түбіне жеткендерді «хайуан» дей алмаймыз. Себебі, олар жалпы адамзатқа пайда әкелді.

Мазлұмға жаның ашып ішін күйсін,

Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.

Көптің халін әуелде тәңрі ойлаған,

Мен сүйгенді сүйсін деп иең сүйсін, – деп ап-анық айшықтайды. Демек, адамзатқа пайда әкелген ғылым жетістігі – сауаптың сауабы.

«Есер көңілдің», «асау жүректің» хәлі бірінші шумақта, екіншіде «махаббатты өмірдің көркі» деп әспеттеп, біз таласқан үшінші шумақта хаққа деген үлкен махаббатты, соңғы шумақта «Жүрегі жұмсақ білген құлдың» кіммен дос болсын, әуелі Жаратқанға деген достығын меңзеп аяқтайды, хәкім өзінің ғаклия ойын.

«Махаббат, достық кім көрер, Оның да, дәмін татпаса?» Біржола басты кім берер, Жаныңа қайғы батпаса».

(Бұл – 1880-ші жылдардың соңында жазылған өлең).

Жанына қайғы батқан адам дос іздейді, әрине. Бірақ, қайғы келген сәтте жұбанышты Жаратқан иеңің панасынан табады. Шындықтың дейі – ақиқат. Ақиқаттың ақиқаты – Алла сөзі мен өзі.

Одан да күшті дүние – адам рухы (жүректің көзі) Алла дәрегіне көтерілгенде, жердегі біз махаббат – деп әспеттеген сезімсымақ үтірге де тұрмайды.

Жазбамыздың жалғасын отыз төртінші сөздегі мына сөздермен тұздыктасак:

«Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десен, дүниеде жүргенде – туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің – бәрі бірдей, ахиретке қарай – өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұралуың – бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?!». Достықтың өзі рухани дүние. Хаққа жақындық.

Абай дана әуелі мұсылманша білім алды. Сосын жөзид оқуынан нәр алды, орыс, батыс ақын-жазушыларымен көгерді. Ақыры ең жоғары ілімді «Құранны-Кәрімнен» тапты. Сөйтіп, Алланы таныды. Алланы танытты. Алланы танудың ең соңғы баспалдағы – ахиретке сену, яки иманның алтыншы шарты. Терең ғаклия ілім оны осындай дәрежеге көтерді. Сондықтан, ол «дүние-досты – хайуан» делі. Біз даналық сөзді

айтарда әрқашан құранға жүгінген Абайды емес, анадан, мынадан үйренген деп бас қатырып жүргендейміз.

Тағы бір тәпсірлеп айтарымыз – бұл өлең шумақтарының әрбір екі жолы дербес, бір-бірінің мағынасын ашып, ағартатынын, әр шумағы көп сериялы кинофильм іспеттес бөлек мағына берерін, соңғы шумақ жолы «Доссыз – ауыз тұшымаспен» бекемделіп тұрғанын айтпақпыз. Жалпы достықтың көкесі – ол Алламен достық. Алламен дос адам ешқашан жалған сойлеп, өтірік айтпайды. «Қорықпа! Біз сені шындықпен сүйіншіледік. Енді күдер үзушілерден болма» делі. (Хыжыр сүресі, 55-аят). «Жаратушы иеңнің өзіне берген нығметін әрдайым өңгімелеп жүр». (Өл-духа сүресі соңғы аяты).

Жаратушының бізге берген нығметі махаббат, ақыл, сана мен жер-жаһандағы бар байлық екен.

«Аның үшін ол Алланың өзіне ғашықтық. Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақтық һәм адамдық дүр. Болмаса, мал таппақ, мақтан таппақ секілді нәрселердің махаббаты бірлән ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды». (38-сөз)

Абай дана қашан, қандай хақиқи сөз, өлең жазса да, өз сөзінің жұмбағын ашып беріп отырғанына шүбә жоқ.

Енді, «Абай энциклопедиясындағы» (1995 жыл), «Абай» екі томдық шығармалар жинағы (1986 жыл), ғалым Т.Жұртбаев, бірді-екілі Абайды өзінше талдап жүрген Е.У.Ахитов сынды азаматтардың таңбалауы «Досқа» тірелді. Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – «Досты» – дос көрсек құба-құл іс болар еді. Айтар ой бұдан да көрікті еді, сыртқа шыққанда өңі қашқан сынды боларын хәкім де айтып кетіп еді ғой.

«Алла өзгермес адамзат күнде өзгерер», «Өлеңге әркімнің де бар таласы» – деген осы шығар, бәлкім. Бізді әуре-сарсаң қылған қайран Абай данаға құдай рахматайласын!

Қалиасқар ШЫНЫБЕКТЕГІ,
бұқартанушы, сазгер

• ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Шарапаты мол шара

Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында, әлеуметтік осал топқа кіретін аналарға көмек беріледі. Аймақ бойынша, 6 573 адамға жалпы сомасы 17 миллион теңгеге әлеуметтік қолдау шаралары көрсетіледі. Арнайы төлемдер мен азық-түлік себеттері таратылады.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бұл игілікті бастама бірқатар аудан-қалалардан қолдау тауып, кейбір елді мекендерде жергілікті бюджет есебінен бір реттік төлемдер беріледі. Нақты айтқанда, Приозерск қаласы мен Ақтоғай аудандарында балалары мектепке дейінгі ұйымдарға баратын көп балалы аналарға материалдық көмек көрсетіледі. Саран қаласында мұн-

адамдарға, Бұқар жырау ауданында әлеуметтік осал топтағы отбасыларына, Ақтоғай ауданында зейнеткерлерге, мүгедектерге, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, Шахтинскіде мүгедектер мен зейнеткерлерге, аз қамтылғандарға, Приозерскте жалғыз басты зейнеткерлерге, Абайда аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға азық-түлік таратылады.

Қарағанды, Приозерск қалалары мен Ақтоғай, Бұқар жырау,



дай көмекті лайықты еңбек демалысында жүрген және төмен зейнетақысы төмен жандар ала алады, – деп хабарлайды, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының баспасөз қызметі.

Сонымен қатар, Қарағанды қаласындағы зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері, Балқаш және Саранда мүгедек

Осакаров аудандарында қайырымдылық акциялары ұйымдастырылып, мерекелік дастархан жайылмақ.

Бұқар жырау және Нұра аудандарында халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан әйелдерге көмір сатып алуға көмек көрсетіледі.

Мереке қарсаңындағы шарапаты мол шара аяулы жандардың мерейін тасытары сөзсіз.

ТАҒЫМ

Жезкиік тағдыр, жезтандай әнші

Ерсін МУСАБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

«Атқан оқтай, шапқан аттай» зымыраған уақыт-ай. Сейілісіз (Аяған) серуен кешіп, сейіл құрғанымызға 40 күн өте шығыпты-ау...

Сейілдің өмірі. Сейілдің өнері. Алғашқысы көп айтыла бермейтін. Қазасынан кейін Секеннің жоғын түгендеуге кірісіп кеттік. Қайран, пендешілік-ай... «Ғұмыр бойы пәтер жалдап өмір кешті», – дедік. «Көлік мінбелі, жарқырап жүрмеді», – деп те қалдық. Атағы жоқ екені аяулы азаматтың жаны Аллага қайтып, тәні ақыретке оранған күні есімізге түсті. Осының бәрін неге көзің тірісінде айтп, неге билікке бұйымтай етпейді? Өлермендікпен өзіміз алып жатқан сөлкебайдың біреуін «Мына марапат – Сейілдікі» деп айта алмадық қой... Енді Секене ештеңе де керек емес! Бірақ, біз әлі даурығып жүрміз...

Ақиқат ақыретте ғана айтылу керек болса, шет-жағасын айта кетейін. Келіссіз бе, Сейіл Аяғанның өмірі халқының алақанында өтті. Ол қызмет істеген жоқ. Сурамады да. Біз ұсынбадық. Аз ғана уақыт Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестікте істеген. Онда да «Дипломдық жөк адамды ұстап отыр» деп, мекеме басшысының үстінен арыз боратқан да – өзіміз. Арызға қол қойғандар жүр әлі ортамызда.

Оны қойшы, әншінің табытын ортаға салып қойып, ұлай жинағымыз келгені ше? Қаралы үйдің қан тамшылап тұрған босағасында отырып, пенденің сөзін айтуға арланбадық... Ал, қарапайым халықтың Сейілге деген махаббаты жиылған елдің, қамыққан қауымның қарасынан-ақ көрініп тұрған. Бір-біріне көңіл айтып, бір-бірі жұбатқан елден жер қайысардай. Халқының осынша ыстық ықыласын,

сонша кіршіксіз махаббатын Секен тірісінде сезбеді емес, сезді. Содан кейін де ол қамсыз жүріп, тұрмысқа икемделмеді. Атақ қуып, шатақ іздемеді. Өмірді ән деп ұқты, әнді өмір деп бағалады. Содан кейін де ол оң қолын кеудесіне қойып: «Сұлу ән, саған адалмын!» деді.

Иә, Секен әнге адал болды. Ол әнді көмекеймен немесе асқақ дауыспен емес, жүректен орындады. Нота дәптері де жүрегінде еді. Тапғамы зор әнші екенін ішіміз сезіп, риза болып жүрсек те, мойындағымыз келмеді. Айта алмадық. Енді, айт-айтпа, Секене біздің мақтау сөз, мадақ пікіріміз қажет емес...

Несін жасырайын, өз басым ән тыңдауға аса құштар да, құлықты емеспін. Мен үшін әнші деген – қазақтың классикалық халық әндерін орындаушылар ғана. Ол – Қайрат Байбосынов, ол – Жәнібек Кәріменов, ол – Мейірхан Адамбеков, ол – Ғалым Мұхамедлин, ол – Серік Оспанов, ол – Жақсыкелді Кемалов, ол – Айтбек Нығызбаев, ол – Ержан Базарбеков, ол – Сержан Мұсайын, ол – Дәуренбек Әрқенов... Ал, бала күнімде гитараны көше әндерін орындаушылардың аспабы деп ойлайтынмын. Немесе сығандардың ұлттық аспабы... Білетінім, ойымның қате екенін. Қорабай Есенов көшенің әндерін қасында отырып тыңдаған күні гитараға ештеңе қана жүрегім жібіген. 1990 жылы Атырауда өткен айттысқа қатысып, сол жолы Табылды Досымовтың әндерін тыңдадым. Содан кейін Сейіл досым шырқаған әндер бұрай бастады. Соның өзінде, мен Секеннің әніне емес, адамгершілігіне, аңқылдаған бала көңіліне, адалдығына, қарапайымдылығы мен таза жүрегіне тәнті болғанмын. Үнемі өнерін бұлдамай, адами қалпын алға шығарып жүрді. Сол болмысы арқылы өзін сыйлата білді. Өмірге адам боп келіп, адам боп кетті...



Өзінің кен пейілі мен асыл жары Қымбаттың жомарт дастарқаны Сейілге Қазақстанның түпкір-түпкірінен дос жинап берді. Өнердің өз баласы болып туған жанға өз халқы өгей бола ма?! Барша Алаш баласы Аяған қожаның немересін алақанға салды. Біз таныған, Сіз таныған Сейілдің он екі мүшесінің ішінде адал жүрегі ғана тынымсыз жұмыс атқарған шығар деп ойлаймын кейде. Әнді жүректен қабылдап, жүректен айтты. Бәріміздің шын жүрегімен жақсы көріп, адал жүрегімен құрметтеді. Жүрегі жүктен бір арылған жоқ. Сол жүрек, сом жүрек сыр берді ақыры.

...Биыл Арқаға ақбөкен қыстап қалып, адасып жүр. Адасып жүрген жоқ, Сейілді қимай қалып кеткен секілді.

Жақында Жезқазғанға жолым түскен. Ақой ауылының маңында жолымызды 5-6 киік кесіп өтті. Жүдеу, жүрісі – баяу. Құлағым Сейіл до-

сым орындайтын Көкімбек Салықовтың сөзіне жазылған Жақсыкелді Сейіловтің «Жезкиік» әні келіп, көкірегіме шер болып құйыла берді.

...Сұлулы адам жаны қимайды екен, Беймезгіл еске түсіп қинайды екен.

Жезкиік, сені аңсаған кездерімде Мен мынау кен далаға сыймай кетем.

Секе, біз де сені ойлаған кезде мынау салқар Сарыарқаға сыймай кетеміз...

Жолымды тағы бір топ киік кесіп өтті. Ішінде Сейіл досым жоқ па екен деп, елеңдей қалдым. Бірақ, үлкенге де, кішіге де «Сіз» деп, айналып-толғанып тұратын Секе жолымды кеспейтін еді ғой.

Бәрібір, Сейіл ортамызда жүр. Гитарасы шертілмейді, бірақ.

Сағыныш

Білсек те өмір зулап өтетінін, Ұмыттық сағыныштың жететінін. Қыран аға, мәңгі ұзап, еске салдың, Адамдардың бақиға кететінін.

Жақсылыққа құмар боп тегіңізден, Мақтанушы едің жеріңізден. Гитараңыз әніне басқан кезде, Арылушы едің шеріңізден.

Болмысыңыз қазақтай қарапайым, Мақтан қып қызылтаулық бар ағайын. Мінезіңіз жібектей жұмсақ еді, Періште мүсін аңғал баладайын.

Жарты-ақ ғасыр маңдайға жазғаны ма,

Зулап өтті көктем мен жаз да мына? Өн бойыңыз ән-рухқа айналды да, Мәңгіліктің аттанды әз бағына.

Адамдығың қалды аға мұра болып, Адалдығың қалды аға мұра болып. Кішіпейіл болмысың еске түссе, Көмейіме келеді жыр ағылып.

Бір былғанбай өттіңіз арамыздан, Аппақ арың бойынан бал ағызған. Гитараңыз шырқардай

«Жас қаламды», Тарта келіп тамырын сан аңыздан.

Дауысыңыз келгенде құлағым, Қаламынан жөңелер сыр ағыла. АҒАТАЙЫМ, сазымен сағыныштың,

«Таң самалы» апарсын жұмағына.

Естеліктер жанымды жұбатады, Суретіңіз жүректі жылтатады. «Қоштасуды» шырқаған бейнеңізден,

Сағыныштың саздары бұр атады.

Жеңіл болып, сұрақ пен сынағыңыз, Жарық болсын пейіште шырағыңыз! Қош, жан ағам, асыл жар,

алтын адам – Жұмақ болсын мәңгілік тұрағыңыз!

Сайран МҰҚАЙ, бауыры

Қаркен Әбдірахманұлы ҚАНЖЕКЕЕВ

2023 жылғы 29 қаңтарда 67 жасында асыл жар, қамқор әке және немерелерінің сүйікті атасы Қаркен Әбдірахманұлы Қанжекеев ұзақ сырқаттан кейін дүниеден өтті. Оның бойына парасаттылық, адамгершілік, әдептілік, мейірімділік қасиеттері тән. Сонымен қатар, ол өз елінің құрметке лайықты азаматы. Қаркен Әбдірахманұлы 1955 жылы 12 сәуірде Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы, Атасу кентінде дүниеге келген. 1976 жылы Қарқаралы Зооветеринарлық техникумын бітіріп, Скрябин атындағы Мәскеу Ветеринарлық Академиясына оқуға түсті. Академияда үздік оқығаннан кейін Қарағанды облысының Мичурин совхоз-техникумында бас зоотехник болып жұмыс істей бастады. Кейін Мал шаруашылығы саласының бастығы болды.



Туыстары мен жақындары.

1999 жылдан «Тұлпар» шаруа қожалығының басшысы. Абай аудандық мәслихатының үш шақырылымының депутаты. Нұр-Отан (Аманат) партиясының мүшесі. Ауыл шаруашылығының еңбек сіңірген қызметкері. Ол 6 мерейтойлық медальдармен марапатталған. Қаркен Әбдірахманұлы қызметінде – жоғары кәсіби біліктілігімен, еңбекқорлығымен, адалдығымен, ал үйде – қамқорлығымен, мейірімділігімен және ұстамдылығы үшін құрметке ие болды. Ол туралы жарқын естеліктер біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Еске алу

Асқар тау әкеміз Көген БЕКМОЛДАУЛЫНЫҢ 2013 жылдың наурыз айының 4 күні 83 жасында фәни жалғаннан бақиға аттанғанына да 10 жылдай уақыт өтті. 1930 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының қазіргі Нұркен селолық округіне қарасты Бірлестік елді мекенінде дүниеге келген әкеміздің балалық шағы сұрапыл соғыс тұсында өткен. Бұғанасы қатпаған баланы шындап ерте есейткен де осы қиын уақыт болар. 10 жылдық орта мектепті бітірген соң Қарағанды қаласындағы мұғалімдер даярлайтын институтқа түсіп, тарих мамандығы бойынша диплом алып, 1953 жылы еңбек жолын Балқаш қаласындағы газетте тілші, мектепте ұстаз болудан бастаған.



1954-1971 жылдар арасында қазіргі Қызыларай селолық округіне қарасты Еңбек бөлімшесіндегі 8 жылдық мектебінде мұғалім, оқу ісі менеджері, мектеп директоры болып қызмет атқарған. 1971 жылы осы Қызыларай селолық Кеңес төрағасы лауазымына тағайындалуына байланысты, Ақжарық елді мекеніне қоныс аударып, 1996 жылға дейін 25 жыл бойы үздіксіз осы селолық кеңестің төрағасы болып еңбек етті.

Әкеміздің өткен өмір жолы ұрпағына үлгі-өнеге. Өмірі аңыз, көңілі көктем болған әкеміз кенес үкіметінің солақай саясатына қызмет жаса да ел-жұртының мерейін көтере біліп, адал еңбек етті. Қарақан басының қамынан, ел-жұртының, қарапайым еңбек адамның мүддесін жоғары қоя білді. Ауыл тынысы мен сол дәуір демін терең түсіне біліп, гибратты өмір кешті.

Қимастық және сағыныш сезіммен қазалы жан Әкемізге тыныстаған мекенің жайлы, жаның жәннатта болсын деп тілейміз! Ұзақ ғұмыр ұрпағына бұйырсын, Пейіш нұры кабіріне құйылсын. Армандар мен ізгі мұраттарыңды ұрпағың еншілесін! Еске алушылар: жұбайы – Нәкіжан, ұрпақтары. P.S. Әкемізді еске алу дұғасы Қарағанды қаласы «Күңгей» мейрамханасында 2023 жылдың 4 наурыз күні сағат 14:00-де оқылады.

Еске алу

Қарқаралы ауданы, Темірші ауылының тумасы, Алматы қаласының тұрғыны, асыл әпке, жанашыр қамқор жан, ұлағатты ұстаз, ауылы ана Қайшықен Нығметқызы НЫҒЫМЕТОВНЫҢ өмірден өткеніне бүгін 1 жыл толды.



Жыл өтті өзіңді жоқтағалы, Жыл өтті нәзік жүрек тоқтағалы. Сене алмай кеткеніңе бауырларым, Елеңдеп сені іздейді топтан әлі.

Биіксің бізге биік нарқынменен, Қонақжай жылы жүзді қалпынменен. Жүректің төрінде тұр асыл бейнең, Ақ жүрек, ақ пейілді, салтыңменен.

Сұм ажал сағынышты тұр ұқтырып. Білдірмей кеттің бәрін біліп тұрып, Жанына жақындардың батпасын деп, Қарсы алдың ажалды да күліп тұрып.

Ай әпкем, қайсар әпкем Қайшатайым, Қайтеміз іштегі өрттің қайнағанын, Алланың дегеніне көніп үнсіз, Іске аса бермейді екен ойлағаның.

Берсе де бауыр барын қолыңдағы, Сұм ажал дегеніне жаңылмады. Тағдырдың жазғанына көндік біз де, Шүкір деп ұрпағына соныңдағы.

Армансыз кім бар екен бұл өмірде?! Ұрпағың үміт күтер тірегің де, Мейірім тұнған нұрлы жылы жүзің, Қалады жақындардың жүрегінде.

Жаныңыз жәннатта болып, нұрыңыз пейіштің төрінде шалқысын. Еске алушылар: баласы – Ержан және Сыздықовтар, Нығметовтер әулеті. т/б

Қарағанды қалалық және аудандық ардагерлер кеңесі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы, Білім саласының ардагері Төлеген Жұмашұлы АРҚОНОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» вносит корректировку в 6 вопрос повестки по объявлению о проведении ежегодного очередного общего собрания участников (далее ОСУ) ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» (далее КТ), которое будет проведено в 10.00 ч. 15.03.2023 года очным путем в г. Караганда, пр.Строителей д.28, ГК «Достар-Алем», конференц-зал «Достық». 6. Изменение юридического адреса КТ и утверждение изменений и дополнений к Уставу.

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны: 43-21-55

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Қарағанды облысы: ауа райы. 3 наурыз, 4 наурыз. Table with weather data for Karagandy city and districts.

Хабарландыру. 1. «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАК «Қарағанды облысы Нұра ауданының табиғи ортасынан Бетпақдала популяциясын ақбөкендерді ғылыми максатта алып қою» ғылыми жобасының биологиялық негіздемесін жария талқылау түрінде қоғамдық талқылау өткізілетіні туралы хабарлайды. 2. Әсер ету аумағы – Қарағанды облысының Нұра ауданы; 3. Жария талқылаулар ecportal.kz сайтында жарияланады 10.03.2023 ж. бастап 27.03.2023 ж. дейін; 4. Көзделіп отырған қызмет бастамашысы – «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті» КеАК, Орал к., Жәңгір хан к-сі, 51, тел. 87055607872; 5. «Қарағанды облысы Нұра ауданының табиғи ортасынан Бетпақдала популяциясын ақбөкендерді ғылыми максатта алып қою» ғылыми жұмыс жобасын әзірлеуші – «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАК, Орал к., Жәңгір хан к-сі, 51; 6. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен ecportal.kz сайтында және https://www.gov.kz/ ресми интернет-ресурсында танысуға болады; 7. Көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін asar-live@mail.ru электрондық мекенжайында және ecportal.kz сайтында сұратуға болады. т. 87055607872; 8. Ескертулер мен ұсыныстар электрондық пошта арқылы қабылданады: asar-live@mail.ru және ecportal.kz сайтында т. 87055607872; 9. 16.02.2023 жылғы №19 (23 195) «Ortalyq Qazaqstan» газетіне жарияланған хабарландыру жарамсыз деп есептелсін.

Объявление. 1. НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений Биологического обоснования к научному проекту: «Изъятие из природной среды Нуринаского района Карагандинской области сайгаков бетпақдалинской популяции в научных целях». 2. Территория воздействия – Нуринаский район, Карагандинская область; 3. Публичные обсуждения опубликованы на сайте ecportal.kz с 10.03.2023 до 27.03.2023 г.; 4. Инициатор намечаемой деятельности – НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана», г. Уральск, ул. Жангир хана, 51, тел. 87055607872; 5. Разработчик Биологического обоснования к научному проекту «Изъятие из природной среды Нуринаского района Карагандинской области сайгаков бетпақдалинской популяции в научных целях» – НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана», Республика Казахстан, г. Уральск, ул. Жангир хана, 51. 6. С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний, можно ознакомиться на сайте ecportal.kz, а также на официальном интернет-ресурсе – https://www.gov.kz/; 7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно получить по электронному адресу – asar-live@mail.ru на сайте ecportal.kz, т. 87055607872; 8. Заявления и предложения принимаются по электронной почте: asar-live@mail.ru, также на сайте ecportal.kz, т. 87055607872; 9. Объявление опубликованное газете «Ortalyq Qazaqstan» №19 (23 195) от 16.02.2023 года считать недействительным.



• БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Арманым – Көк туды желбірету»

Қарағанды дзюдо мектебі бүгінде республика көлемінде біршама танымал. Татамидегі талай тартыста бағы жанып, бас бәйге алған палуандар Максим Раков, Ержан Шынкеев, Ислам Бозбаевтар бұл сөзімізге дәйек. Десек те, шыңдалуды, одан әрі дамуды ешкім шегерген жоқ. Алдағы «Париж – 2024» Олимпиадасына дзюдодан дайындық қалай? Қазақстандықтардың жүздегі ілігуіне мүмкіндік бар ма? Кешегі Португалияда өткен сайыста сап түзеу, күміс алған Жансай Смағұловтың бұл тұрғыда ойы қандай? Бірге білейік.

– Өткен сында үміт артқан жанкүйерлеріңізді жерге қаратпай күмістен алқа тағындыңыз. Қазақстандықтар оның ішінде, қарағандылықтар үшін мақтанып, мағұрланар қуаныш. Енді осы қарағандылық дзюдо мектебінің тыныс-тіршілігі туралы бір ауыз айта кетсеңіз?


– Жалпы, 17 облыс пен үш ірі мегаполис арасында І-ІІ орындағы мектептің бірі – Қарағанды дзюдо мектебі. Тұңғыш әлем чемпионы Максим Раков – осы Қарағанды дзюдо мектебінің түлегі. Кеше ғана Астанада өткен дзюдодан жастар арасындағы ел біріншілігінде қарағандылықтар командалық есепте бас жүлдені еншілеп қайтты. Жекелей сайыста екі алтын, екі күміс, екі қола алды. Бұл – Қарағанды дзюдо мектебі деңгейінің көрсеткіші. Ал, спортшының еңбегін елеулітін жанкүйері ол – отбасы мен қоғамы. Көп тудың ішінен Көк тудың көкке көтерілгені қандай ғажап?! Қашан да сол дәрежеге жету жолында аянып қалмау керектігін білеміз.

– Алматыда да күміс жүзде олжа-

ладыңыз. Күміс те екінші біріне бұйырмайтын бақ. Алайда, алтынға адым қалдыңыз. Алтын алуға мүмкіндік болды ма?

– Иә, оныңыз рас, алтынға бір-ақ кадам қалған еді. 73 келі салмақта өзбек палуаны Обидхон Момоновтың тактикасын өздеріңіз де байқадыңыздар. Менің әдіс-айлауым кем дей алмаймын. Бірақ, өткен соң өкіне алмаймыз. Басты себеп – бұдан бұрынғы жарыста алған аяғымның жаракаты. Оның үстіне, 8 ай жарыс жолына шықпағаным бар. Соған қарамастан мүмкіндіктер болды. Көздерім көзімен бірнеше мүмкіндік болған екен. Жарыс аяқталған соң бапкерлеріммен таспадан тамашалағанда қателіктерімді өзім де көрдім. Десек те, еш өкінбеймін. Сол өзбек палуанынан да алған тәжірибемді болашақта өзге қарсыластарыма қарсы пайдаланамын деп отырмын. Алда тағы кездесулер бар. Дайындықты одан әрі күшейтіп, тағы бір додада жолығуды асыға күтемін.

– «Париж – 2024» Олимпиадасына



жолдама алдыңыз ба? Дайындық қалай? Оған дейін халықаралық жарыстар бар ма жоспарда?

– Олимпиада кез келген спортшының арманы ғой. Бағы мен бабы келіссе, әрине. Әр жарыстан алған ұпайлар жиналып жатыр. Оған рейтингті қосады. Осы жетістіктерді саралай отырып, Олимпиадаға жолдама беріледі. Дәл қазір «Барамын» немесе «Басқа барады» дей алмаймын. Дайындық пен спорттағы жетістіктердің барлығы сол Олимпиадаға жолдама алу үшін. Жалпы, қазақстандық құрама жуырда Ташкенттегі біріншілікке барады. Ал, мен наурыз айының 24-де Грузияның Тбилиси қаласында өтетін дүбірлі додаға қатысамын. Одан кейін мамыр айында Әлем чемпионатында күресетін боламын.

– 73 келі салмақта өзіңізге қарсылас болар әлем спортшыларын атап өте аласыз ба? Олардың кемшіліктері мен артықшылықтарын айта кетсеңіз?

– 73 келі – дзюдо күресіндегі ең мықты салмақ. Неге десеміз, осы бір салмақта бірнеше әлем чемпиондары бар. Үш Олимпиада чемпионы бар. Ал, ең негізгі қарсылас деп күткендерім ол грузин Лаша Шавдатуашвили, әзірбайжан Хидаят Минаят оғлы Гейдаров, моңғолиялық Цэнд-Очирын Цогтбаатар, бразилиялық Даниел Карнин және Канада өкілі Артур Маргелидон. Ал, бұл спортшылардың артықшылығы – дайындығы мығым. Қай сала болмасын тактика мен дайындық мығым болса және ол ұштала берсе, солғұрлым жеңіске жол ашыла береді. Кемшін тұстары бар деуге негіз жоқ. Дегенмен, көп спортшылар жарыста жеңіске жеткенде тым масайрап, көкірек керіп, өзіншілдікке жол береді. Спортшының ең басты жауы – ол қарсыласын менсінбеуі. Оны мойындамауы және онымен санаспауы. Қарапайым белдесуде сіз қарсыласты менсінбегендіктен оның іс-қимылын немесе аяқ астынан жасалған әдісін күтпейсіз. Міне, осы сәтте жеңіс қолдан сусып кетеді. Негізі, күрестің қай түрі болмасын қазаққа жат емес. Түбі бір бәрінің. Күрес деген аты бар. Сондықтан, болашақта чемпиондар осы біздің елден шығады дегім келеді. Ең бастысы – татамидегі тартыста жаракат алмау. Жеңіс біздің қанда бар.

– Сұхбатыңызға мың алғыс. Әлемдік сында атыңыз алтын тұғырдан алыстамасын!

Сұхбаттасқан
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• ПАРА ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Хабибуллин қара үзді

Дубай қаласында пара жеңіл атлетикадан өткен әлемдік Гран-при сериясында қарағандылық спортшы Руфат Хабибуллин жеңімпаз атанды. Жерлесіміз лақтырған найза 41,83 метр қашықтықты бағындырды.

Ал, екінші орын алған камерундық спортшының көрсеткен нәтижесі 40,93 метр болды.

Еске салар болсақ, мұның алдында тағы бір жерлесіміз Дастан Мұқашбеков ядро лақтырудан аталған турнирдің күміс жүлдегері атанған болатын.

Руфат Хабибуллин мен Дастан Мұқашбековтің ендігі мақсаты – Азия ойындары мен әлем чемпионатында үздік үштіктің қатарынан көріну.

Дубайдағы додада 61 елден келген 545 спортшы күш сынасты.



• АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

Асыға күтетін айқас

Жерлесіміз, UFC аясындағы турнирлерде 16 жекпе-жек өткізіп, соның бірде-біреуінде жеңіліп көрмеген Шавқат Рахмоновтың кезекті қарсыласы Джефф Нил алдағы уақытта болатын айқас турасында пікір білдірді.

Атап айтқанда, америкалық спортшы жекпе-жекке тас-түйін дайын екендігін және қарсыласына арнаған «сыбағасы» барын жеткізді.

– Үстаса кеткенде оңай жығыла салатын адам емеспін. Мені тейқауға түсіру үшін оған тер төгу керек. Жалпы, бұл айқаста мен партерге жоламауға тырысамын. Біздің бұл жекпе-жегімізде бәрі де өзгеше болады. Қарсыласымын бойы биік, қолдары да ұзын. Ол мені тықсырып, торға тіреп, төмештеуге тырысуы мүмкін. Бірақ, біз оның бұл тактикасына жол бермейміз. Біздің оған дайындап қойған тосын сыйымыз бар, – деді Джефф Нил ВРPenn.com. порталына берген сұхбатында.

Еске салар болсақ, аталған спортшылар арасындағы жекпе-жек UFC 285 турнирі аясында 5 наурыз күні Лас-Вегас қаласында өтеді.

• BATYRBALL

Чемпион чемпионды

КОЛДАДЫ

Бокстан Олимпиада чемпионы, қазіргі уақытта кәсіпқой рингте өнер көрсетіп жүрген Данияр Елеусінов өзінің әріптесі Серік Сәлиевті қолдап, әлеуметтік желіде жазба қалдырды.

Еске салар болсақ, Baturball турнирінде (күрес пен баскетболдың қосындысы) балуан Зелимхан Мусиханов атақты боксшы Серік Сәлиевке қарсы күрес әдісін қолданып, нығиған асыра лақтырған еді. Содан екеуінің арасында кикіліж болып, оның арты насыраға шауып кете жаздаған. Кейін Мусиханов чемпионнан кешірім сұрап, оны танымал қалғанын айтып ақталған болатын.

«Пікір білдірмес бұрын, бәрін де бейнестеп, падан асықпай көріп шықтым. Сондағы байқағаным, жас балуандікі дұрыс болмады, әліс жасаған кезде Серіктің қолында доп болмаған еді... Серіктің эмоциясын түсінуге болады. Жұрт оның жас балуанды нұққып жібергенін айтып жүр. Ал негізінде, балуан Олимпиада чемпионын, Вэла Баркер кубогінің иесірін таңуы тиіс болатын», деп жазды өзінің Instagram парақшасында Данияр Елеусінов.



Дайындаған
Қ.ЖАНДЫР

• КАРАТЭ

Дәстүрлі жарыс дарабоздары

Қарағанды Жастар спорт кешенінде киокушинкай каратэ-ден республика бойынша дәстүрлі түрде «Кеншілер астанасының кубогі» өтті. Аталған сайысқа 14 облыстан 2 мыңға жуық спортшы қатысты.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ересектер мен балдырғандар арасында өткен жарыста ең үздік жекпе-жекті балдырғандар көрсете білді. – Балалардың спортқа баулыған осындай шаралар көп ұйымдастырылса, спортқа жіті назар аударылса, балалардың да бөтен іске уақыты болмас еді. Осы жарысқа сонау Ұлытау облысынан келдік. Ұлым Ералы Берікұлына жанкүйермін. Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз, – дейді қатысушы спортшының анасы Айдана Әлменбаева.

Расында, әр облыстан жиналған спортшылардан бұрын олардың жанкүйерлері қатты алаңдаулы секілді. Ұлы атқа шапса, тақымын қысар анасы қашанда. Қарсыласын кірпік қақтырмай қол-аяғына бірдей жүгінген ширақ жеткіншектердің бүгінгі қарқыны айтарлықтай-ақ. Соның бірі – Ұлытау облысының ұланы Рамазан Дельшатұлы. Ол алғашқы кезеңде қарсыласын жеңіп, ақтық сынға өткен еді. Жас болса да тайсалмас табандылығы және жеңіске деген ұмтылысы жанкүйер жұртты тамсандырғандай.

– Ұлытау облысынан 80 бала әкелдік. Қазіргі таңда қарқынымыз жаман емес. Біздің спортшылардың арасында үздіктер қатарында Дархан Жүнісов, Ералы Берікұлы, Рамазан Дельшатұлы сияқты балаларды

атап өткім келеді. Алдағы ақтық сын енді жеңімпаздарды анықтайтын болады, – дейді жаттықтырушы Мәди Сейітқалиев.

Сонымен, татамиге шыққан қос оғланның айқасы тартысты басталды. Ө дегеннен Рамазан қарсыласқа қарсы ұмтылып, бірнеше жұдырық соққысын өткізе білді. Тағы бір кезеңде ол қарсыласын теуіп құлатты. Осылайша жекпе-жек жеңімпазы атанды. Жалпыкомандалық сында Ұлытау облысы басқа облыстарға қарағанда аз ұпай жинағанымен жекелеген жекпе-жекте Рамазан Дельшатұлы ІІІ орын алды.

– 14 облыс ішінен 24 алтын алқа мен бас жүлдеге ие болған Қарағанды облысы, ІІ орын Алматы облысы 12 алтын, ІІІ орын Ақтөбе облысы 9 алтын қанжығалаған. Біз бұл жерде балалардың талпынысына, күш-жігеріне көп мән бердік. Жарысқа қатысушылардың бәрінде дерлік ұмтылыс, жеңіске деген талпыныс бар. Ел намысын халықаралық жарыста қорғайтын болашақ жауынгерлер осылар. Бұл ауыз толтырып айтар дүние, – дейді облыстық «Бүкілқазақстандық киокушинкай каратэ ұйымы» ҚБ директоры Тимур Райымбек.

Сайыста сап түзеген барлық қатысушыға ынталандыру сыйлары мен дипломдар табысталды.



• КӨКЕЙКЕСТІ

Жаңартылған ғимарат бар, жаңасы арман

Қарағандыдағы гимнастика бойынша мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне жөндеу жұмыстары жүргізіліп, соңғы екі жыл аралығында айтарлықтай жаңарды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кез келген спортшыға талап қоймас бұрын оның сол талапқа сай жаттығу залының болуын ескеру керек. Себебі дайындықсыз тума таланттардың да бағы шалпаны анық. Біз сөз еткілі отырған арнайы спорт мектебі де қайта тыныстағандай. Өйткені, жаңарған құрылыс нысандары мен ескіден жаңаға алмастырылған құрал-

онаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды.

Соның бірегейі бірнеше күн бұрын ғана Бакудегі батут гимнастикасынан әлем кубогы кезеңінде екі алтын медаль жеңіп алған Данил Мұсабаев.

– Қазір жаттықтырушы екеуіміз қиын бағдарлама бойынша дайындалып жатырмыз. Бұл 10 элементтен



дар спортшыларға жағымды әсер етуде. Атап айтар болсақ, аталмыш мектепке жаңа кілемдер төселіп, бөрнелері жаңарған. Сонымен қатар, су жаңа батуттар мен басқа да спорттық жабдықтардың сапасы жоғары. Жуырда ғана ғимараттың қасбетін жөндеу аяқталды.

Бүгінде бұл мектепте 5 жастан 18 жасқа дейінгі 600 бала тегін жаттығады. Ол аз десеміз, белес бағындырар болашақ спортшыларды 37 жоғары білікті педагог жаттықтырады. Мысалы, спорттық гимнастика, спорттық акробатика, көркем және батуттық гимнастика, сонымен қатар спорттық би.

– Облыста барлық спорт түрлеріне, соның ішінде осы жеңіл атлетикаға көңіл бөлінгені қуантады. Жалпы гимнастика – бұл негізгі спорт түрі. Егер бала жоғары деңгейдегі спортшы болмаса да, оның осы спорттан түйген білімі мен дағдылары қарапайым өмірде көмектеседі. Бұл – икемділік, созылу, үйлестіру, тәртіп. Алдағы халықаралық аренада жаттығу үшін жасалған жақсы жағдайлар бізге бірнеше чемпион тәрбиелеуге мүмкіндік береді деп сенемін, – дейді гимнастика БЖМ басшысы Олжас Тұрсымбеков.

Сонымен қатар, мектепте өзге де мақтанарлық жағдайлар жетерлік. Оқушылары бірнеше мәрте республикалық және халықаралық жарыстардың, Азия чемпионаттарының, әлем кубоктары мен әлем чемпи-

тұратын бес үштік комбинация болады, қалғандары қос флип болады. Жаңартылған залда жаңа снарядтармен жаттығу өте ыңғайлы әрі тиімді. Алда әлем кубогының кезеңдері бар. Онда Олимпиада ойындарына лицензия алу үшін ұпай жинау керек. Басты қозғаушы – әлем чемпионаты. Ал, басты мақсат – Олимпиада ойындарына қатысу және жеңу, – дейді Данил Мұсабаев.

Қарағандылық әлем чемпионын бала кезінен Сергей Вертянкин жаттықтырады. Ол жас жеткіншектің әлемдік спортқа әлеуетінің зор екеніне сенімді.

– Данилдің мінезі спортқа бейім, жаужүрек. Ол әрқашан бастаған ісінің соңына дейін барады. Сондықтан, мүмкіндігінше көп жаттығу жасап, беріліп дайындалады және алда бұдан да биік нәтижеге қол жеткізеді деген сенімдемін, – дейді Сергей Вертянкин.

Данилдің арманы Олимпиадада жеңіске жету. Осы үшін де мектеп басшылығы жаңа ғимарат жайын ойлайды.

– Бізде қазір жақсы құрал-жабдықтар, кәсіби жаттықтырушылар да, нәтижеге ұмтылатын балалар да бар. Барлық бөлімшелердің бірге айналысқанын, кем дегенде республикалық жарыстар өткізуге мүмкіндік болғанын қалаймын. Ашып айтар болсам, жаңа ғимарат жайы көкейде бар, – деп өз ойын жеткізді Олжас Тұрсымбеков.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБҒАЙ
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСЗБЖ2ХХ БИН 000840001412
Таралымы 5 602
№25 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.
Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат ШИЯШ**